Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 маусымдағы № 42 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 шілдеде № 33060 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 110 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің құны туралы есептің нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есептің нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақы төлемдерінің және зейнетақы жинақтарының көлемі туралы есептің нысаны; 9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен жасалған " кері репо" және репо операциялары туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар, ақша және ақшалай қаражаттың баламалары туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есептің нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес дефолтқа жол берген эмитенттердің зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша есептің нысаны;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес шартты зейнетақы міндеттемелерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) ай сайын:

осы қаулының 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей;

осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 10), 11), 12), 13), 15) және 16) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) тоқсан сайын:

осы қаулының 1-тармағының 8) және 14) тармақшаларында көзделген есептілікті – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;

осы қаулының 1-тармағының 17) және 18) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей ұсынады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.";

1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-1-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

17-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

18-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

19-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

20-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

20-1-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

20-2-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда 18-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда 19-қосымшамен толықтырылсын;

21-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар, бірыңғай оператор есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 211 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19672 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және " Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

1-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен жасалған " кері репо" және репо операциялары туралы есептің нысаны;";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) саны туралы есептің нысаны;";

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"34) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;";

38) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"38) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;";

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"40) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес шетел валюталарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есептің нысаны;";

42) және 43) тармақшалар алып тасталсын;

52), 53) және 54) тармақшалар алып тасталсын;

56) және 57) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"56) осы қаулыға 56-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;

57) осы қаулыға 57-қосымшаға сәйкес экономика секторлары бойынша (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;";

58) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Инвестициялық портфельді басқару қызметін (бұдан әрі – инвестициялық портфельді басқарушы), бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті (бұдан әрі – брокерлер және (немесе) дилерлер) жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) осы қаулыға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Инвестициялық портфельді басқарушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша Ұлттық Банкке осы қаулыға 6, 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17, 18 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры) Ұлттық Банкке осы қаулыға 11, 12, 13, 14 және 27-2-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы) Ұлттық Банкке осы қаулыға 11, 12, 27, 27-1 және 27-3 -қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкпен жасалған активтерді инвестициялық басқару шартына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры осы қаулыға 11, 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес есептілікті бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке осы қаулыға 56 және 57-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Брокерлер және (немесе) дилерлер осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша Ұлттық Банкке осы қаулыға 6, 19 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке осы қаулыға 20, 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын қосымша ұсынады.

Бірыңғай оператор Ұлттық Банкке осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Кастодиан Ұлттық Банкке осы қаулыға 24, 25, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан Ұлттық Банкке осы қаулыға 30, 31, 32 және 33-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын қосымша ұсынады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40 және 41-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта келесі жұмыс күнінің соңына дейін күн сайын ұсынады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50 және 51-қосымшаларға сәйкес есептілікті электрондық форматта есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынады.

Клиринг ұйымы Ұлттық Банкке осы қаулыға 55-қосымшаға сәйкес есептілікті электрондық форматта келесі жұмыс күнінің соңына дейін күн сайын ұсынады.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке осы қаулыға 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалдары және Ұлттық пошта операторы Ұлттық Банкке осы қаулыға 2, 3, 4, 5, 6 және 26-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы жоқ брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар инвестициялық портфельді басқарушы Ұлттық Банкке осы қаулыға 16-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Ұлттық Банкке осы қаулыға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Инвестициялық портфельді басқарушы Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін және сенімгерлік басқаруға берілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін осы қаулыға 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларда белгіленген нысандарды толтыру кезінде көрсетпейді.";

1-қосымша осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымша осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-қосымша осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымша осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымша осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымша осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

17-қосымша осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

18-қосымша осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

19-қосымша осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

20-қосымша осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

21-қосымша осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

22-қосымша осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

23-қосымша осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

24-қосымша осы қаулыға 43-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

25-қосымша осы қаулыға 44-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

26-қосымша осы қаулыға 45-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

27-қосымша осы қаулыға 46-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

27-1-қосымша осы қаулыға 47-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

27-2-қосымша осы қаулыға 48-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

27-3-қосымша осы қаулыға 49-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
28-қосымша осы қаулыға 50-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
29-қосымша осы қаулыға 51-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
30-қосымша осы қаулыға 52-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
31-қосымша осы қаулыға 53-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
32-қосымша осы қаулыға 54-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
33-қосымша осы қаулыға 55-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
34-қосымша осы қаулыға 56-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
35-қосымша осы қаулыға 57-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
36-қосымша осы қаулыға 58-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
37-қосымша осы қаулыға 59-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
38-қосымша осы қаулыға 60-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
39-қосымша осы қаулыға 61-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
40-қосымша осы қаулыға 62-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
41-қосымша осы қаулыға 63-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
44-қосымша осы қаулыға 64-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
45-қосымша осы қаулыға 65-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
46-қосымша осы қаулыға 66-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
47-қосымша осы қаулыға 67-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
48-қосымша осы қаулыға 68-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
49-қосымша осы қаулыға 69-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
50-қосымша осы қаулыға 70-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
51-қосымша осы қаулыға 71-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
55-қосымша осы қаулыға 72-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
56-қосымша осы қаулыға 73-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
57-қосымша осы қаулыға 74-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
59-қосымша осы қаулыға 75-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының жиырма бірінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулының 1-тармағының жиырма сегізінші абзацының қолданысы осы абзац тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын:

"осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 10), 11), 12), 13) және 15) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;".

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрғасы *Г. Пирматов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрғасы
2023 жылғы 29 маусымдағы
№ 42 Қаулыға
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 28 тамыздағы
№ 167 қаулысына
1-қосымша

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесі

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілігіне мыналар кіреді:

1) зейнетақы активтерінің құны туралы есеп;

2) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;

3) сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есеп;

4) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп;

5) Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың)

зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп;

6) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп;

7) Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақы төлемдерінің және зейнетақы жинақтарының көлемі туралы есеп;

8) меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп;

9) меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп;

10) меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар, ақша және ақшалай қаражаттың баламалары туралы есеп;

11) басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп;

12) меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;

13) дефолтқа жол берген эмитенттердің зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша есеп;

14) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп;

15) шартты зейнетақы міндеттемелерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп;

16) экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есеп;

17) экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есеп.

Қаулыға
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 28 тамыздағы
№ 167 қаулысына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-ENPF_PA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20___жылғы "__" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Зейнетақы активтерінің құны

_____ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері (теңгемен)

№	Көрсеткіш	күні	күні
1	2	3	…
1.	Инвестициялық шоттардағы күн басындағы қалдық, оның ішінде:		
1.1.	теңгемен		
1.2.	шетел валютасымен		
2.	Инвестициялық шоттарға келіп түскен күн соңындағы ақша, оның ішінде:		
2.1.	теңгемен		
2.2.	шетел валютасымен		
3.	Инвестициялық шоттардан шығарылған күн соңындағы ақша, оның ішінде:		
3.1.	теңгемен		
3.2.	шетел валютасымен		
4.	Инвестициялық шоттардағы күн соңындағы қалдық ((1)+(2)-(3)), оның ішінде:		
4.1.	теңгемен		
4.2.	шетел валютасымен		
5.	Күн соңында сыртқы басқарудағы активтер сомасы, оның ішінде:		
5.1.	теңгемен		

5.2.	шетел валютасымен		
6.	Басқа да активтердің күн басындағы құны, оның ішінде:		
6.1.	теңгемен		
6.2.	шетел валютасымен		
7.	Басқа да активтердің күн соңындағы құны, оның ішінде:		
7.1.	теңгемен		
7.2.	шетел валютасымен		
8.	Қ а р ж ы инвестицияларының күн басындағы барлық құны, оның ішінде:		
8.1.	туынды қаржы құралдары		
9.	Күн соңындағы келіп түскен қаржы құралдары		
10.	Күн соңындағы шығарылған қаржы құралдары		
11.	Күн соңындағы қаржы инвестицияларының барлық құны ((8)+(9)-(10) +(12)-(12.4.1)-(12.7)), оның ішінде:		
11.1.	туынды қаржы құралдары		
12.	Күн соңындағы е с е п т е л г е н инвестициялық кіріс (шығыс), оның ішінде:		
12.1.	қаржы құралдары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс (шығыс)		
12.2.	әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кіріс (шығыс)		
12.3.	басқа активтер құнының өзгеруінен түскен кіріс (шығыс)		
12.4.	шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс), оның ішінде:		

12.4.1.	инвестициялық шоттағы ақшаны және басқа да активтерді қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс)		
12.4.2.	қаржы инвестицияларын қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс)		
12.5.	бағалы қағаздардың құнсыздануынан ықтимал шығынды өтеуге арналған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруге (қалыптастыруға) байланысты кіріс (шығыс)		
12.6.	қаржы құралдары бойынша басқа да кіріс (шығыс)		
12.7.	қаржы құралдарына жатпайтын басқа да кіріс (шығыс)		
13.	Күн соңындағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құнының жиынтығы ((4)+(5)+(7)+(11))		
14.	Күн соңындағы зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы, оның ішінде:		
14.1.	есептелген		
14.2.	төленген		
15.	Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы		
16.	Күн соңындағы инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы, оның ішінде:		
16.1.	есептелген		
16.2.	төленген		
17.	Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы		

18.	Күн соңындағы зейнетақы активтеріне жататын, есептелген зейнетақы міндеттемелері, оның ішінде:		
18.1.	қате (дұрыс есепке алынбаған) сома		
18.2.	төлемдер, аударымдар және біржолғы алулар		
18.3.	басқалар		
19.	Күн соңындағы зейнетақы активтеріне жататын, орындалған зейнетақы міндеттемелері:		
19.1.	инвестициялық шоттан қате (дұрыс есепке алынбаған) сома		
19.2.	төлемдер мен аударымдар		
19.3.	басқалар		
20.	Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)		
21.	Күн соңындағы зейнетақы міндеттемелерінің қалдығы		
22.	Күн басындағы резервтік қорлар шоттарындағы сома қалдығы		
23.	Күн соңындағы резервтік қорлар шоттарындағы сома қалдығы		
24.	Күн соңындағы зейнетақы активтері бойынша міндеттемелердің жиынтығы және бөлінбеген пайда (өтелмеген залал) ((15)+(17)+(20)+(21)+(23)):		
25.	Күн соңындағы "таза" зейнетақы активтері құнының жиынтығы ((13)-(24))		

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Зейнетақы активтерінің құны
туралы есеп нысанына
қосымша

"Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_PA, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және " Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ай сайын толтырады. Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Нысан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынылады.

"Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері" жолында зейнетақы жарналарына: "міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына және ерікті зейнетақы жарналарына" және "жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына" байланысты қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

6. Нысан есепті айдың әр күніне толтырылады. Күні "күн. ай. жыл" форматында көрсетіледі.

7. 1.2., 2.2., 3.2., 4.2., 5.2., 6.2. және 7.2-жолдарында теңгеге балама сома көрсетіледі.

8. 5-жол бойынша мәліметтер осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есептің деректеріне сәйкес көрсетіледі.

9. 7.1. және 7.2-жолдарда көрсетілген есепті кезең соңындағы активтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

10. 9-жолды толтырған кезде нақты шығын бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша мәліметтер көрсетіледі. Мәміле жасаған кезде болған шығын (тікелей қаржы құралдарын сатып алуға байланысты), оның ішінде агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақы мен комиссиялық сыйақы, қор биржаларының алымдары, сондай-ақ ақша аудару бойынша банктік шығыс осы қаржы құралдарының құнына қосылады. Сонымен қатар қаржы құралдарының құнына сатып алу сәтіне дейінгі кезеңге есептелген сыйақы (ол болған кезде) қосылады.

11. 10-жолды толтырған кезде сатылған немесе өтелген қаржы құралдары туралы мәліметтер нақты сату немесе өтеу құны бойынша көрсетіледі.

12. 11-жол бойынша мәліметтер осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің деректеріне сәйкес көрсетіледі.

13. 12.5-жолды толтырған кезде резервтер (провизиялар) оны қалыптастыру (қалпына келтіру) күнінің соңында көрсетіледі.

14. 12.6 және 12.7-жолдарды толтырған кезде есепті кезеңнің соңындағы зейнетақы активтерінің құнына енгізілген алынған басқа да кіріс пен келтірілген басқа да шығыс бойынша мәліметтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

15. 13-жолда бухгалтерлік есепте көрсетілген құн көрсетіледі.

16. 14 және 16-жолдарда комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

17. 15 және 17-жолдарды толтырған кезде есепті кезең соңындағы деректерді ескере отырып, комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы өсу қорытындысымен көрсетіледі.

18. 18.2 және 19.2-жолдарда ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына, сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтары аударымдарының сомасы, алушыларға және басқа тұлғаларға төленген сома, міндетті зейнетақы жарналары , міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерінің сомасы ғана көрсетіледі.

19. 18.3 және 19.3-жолдарды толтырған кезде есепті кезеңнің соңындағы зейнетақы активтерінің құнына енгізілген басқа да міндеттемелер бойынша мәліметтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

20. 22 және 23-жолдар 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап толтырылады. 22 және 23-жолдарда резервтік қорлар шоттарындағы соманың қалдығы көрсетіледі. Осы жолдар жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша мәліметтер толтырылған кезде ғана толтырылады.

21. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 28 тамыздағы
№ 167 қаулысына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-ENPF_SPPA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20___жылғы "__" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

1-кесте. Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар _____ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері

№	Сенімгерлік басқарушының атауы	Эмитенттің атауы	Экономикалық қызмет түрі	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары					
1.1.			x			

…			x			
2.	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары					
2.1.	екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары					
2.1.1.						
…						
2.2.	екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары					
2.2.1.						
…						
3.	Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары					
3.1.			x			
…			x			
4.	Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары					
4.1.			x			
…			x			
5.	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары					
5.1.			x			
…			x			

6.	Инвестициялық қорлардың пайлары					
6.1.						
…						
7.	Жиынтығы:		х			

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың саны (дана)	Номиналды құны		Төлем валютасының коды	Бір бағалы қағаздың сатып алу бағасы		Кезеңі		Бағалы қағаздың сатып алу құны (теңгемен)
	Валюта коды	бір бағалы қағаздың құны (теңгемен)		Барлығы (теңгемен)	таза бағасы	есепке алынған күні	өтеу күні	
8	9	10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың ағымдағы құны			Анықтама үшін (теңгемен)			
барлығы (теңгемен)	номиналды құн валютасында	оның ішінде есептелген сыйақы (теңгемен)	қалыптастырылған резервтер (провизиялар)	бағалы қағаздар бойынша дебиторлық берешек	бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек	мерзімі өткен дебиторлық берешек бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар)
17	18	19	20	21	22	23

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздар санаты	Бағалы қағаздың рейтингі		Қор биржасы тізімінің санаты		Портфельдегі ағымдағы купондық мөлшерлеме (пайызбен)
	есепке алынған күні	есепті күні	есепке алынған күні	есепті күні	
24	25	26	27	28	29

2-кесте. "Кері репо" және репо операциялары бойынша сатып алынған және орналастырылған бағалы қағаздар

№	Сенімгерлік басқарушының атауы	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (дана)	Номиналды құн валютасының коды	Мәміле валютасының коды
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	"Кері репо" операциясы							
1.1.	тікелей тәсіл							
1.1.1.								

…								
1.2.	автоматты тәсіл							
1.2.1.								
…								
	Жиынтығы:							
2	Репо операциясы							
2.1.	тікелей тәсіл							
2.1.1.								
…								
2.2	автоматты тәсіл							
2.2.1.								
…								
	Жиынтығы:							

кестенің жалғасы:

Бір бағалы қағаз үшін ашу бағасы		Бір бағалы қағаз үшін жабу бағасы		Кезеңі		Бағалы қағаздардың ағымдағы құны (теңгемен)	Операция бойынша кірістілік мөлшерлемесі (пайызбен)	Ескертпе
теңгемен	номиналды құн валютасында	теңгемен	номиналды құн валютасында	операцияны ашу күні	операцияны жабу күні			
10	11	12	13	14	15	16	17	18

3-кесте. Зейнетақы активтері есебінен орналастырылған салымдар

№	Сенімгерлікпен басқарушының атауы	Банктің атауы	Банктің рейтингі		Салым валютасының коды	Банктік салым шартын жасау күні және нөмірі	
			салымды орналастыру күні	есепті күні		күні	нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиынтығы:						

кестенің жалғасы:

Салым мерзімі (күнмен)	Сыйақы төлеу кезеңі		Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)		Салым бойынша негізгі борыш сомасы	
	кезеңділігі	күні	номиналды	тиімді	барлығы (теңгемен)	шетел валютасымен
9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Ағымдағы құны			Анықтама үшін (теңгемен)			

барлығы (теңгемен)	оның ішінде есептелген сыйақы		Резиденттік елі	қалыптасты рылған резервтер	салымдар бойынша дебиторлық берешек	салымдар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек	мерзімі өткен дебиторлық берешек бойынша қалыптасты рылған резервтер (провизияла р)
	теңгемен	шетел валютасыме н					
16	17	18	19	20	21	22	23

4-кесте. Аффинирленген бағалы металдар

№	Сенімге рлік басқару шының атауы	Аффини рленген бағалы металды ң атауы	Трой унцияла рының саны	Төлем валютас ының коды	Бір трой унциясының сатып алу бағасы		Жиынтық сатып алу құны		Ағымдағы құны	
					теңгеме н	шетел валютас ымен	теңгеме н	шетел валютас ымен	теңгеме н	шетел валютас ымен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
	Жиынты ғы:									

5-кесте. Шартты талаптар мен міндеттемелер

№	Сенімгерлік басқарушын ың атауы	Туынды қаржы құралы түрінің атауы	Базалық актив	Валюта коды	Бағалы қағаздың сәйкестенді ру нөмірі	Туынды құралмен операцияны жүзеге асыру күнінде талап ету (міндеттемел ер) сомасы (теңгемен)	Есепті күнгі ағымдағы құны (теңгемен)
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар						
1.1							
1.1.1							
…							
	Жиынтығы:						
2.	Туынды қаржы құралдары бойынша						

	шартты міндеттемелер						
2.1							
2.1.1							
…							
	Жиынтығы:						

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Зейнетақы активтерінің
инвестициялық портфелінің
құрылымы туралы
есеп нысанына
қосымша

"Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_SPPA, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және " Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады. Нысанға тану тоқтатылған қаржы құралдары бойынша деректер енгізілмейді. Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Нысан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынылады.

"Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері" жолында зейнетақы жарналарына: "міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына және ерікті зейнетақы жарналарына" және "жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына" байланысты қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

6. 1-кесте бойынша:

1) Нысанда бағалы қағаздар жөніндегі деректер көрсетіледі;

2) 2-бағанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

3) 3-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;

4) 4-бағанда экономикалық қызмет түрі "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы" ҚР ҰС 03 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі. Осы баған Қазақстан Республикасының резидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша толтырылады;

5) 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздың типі көрсетіле отырып, оның түрі көрсетіледі;

6) 7-бағанда ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе бағалы қағаздың басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;

7) 8-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;

8) 9 және 11-бағандарда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

9) 10-бағанда облигациялар бойынша купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілетін сыйақы есептелетін, облигацияны шығару кезінде айқындалған құнының ақшалай мәні, сондай-ақ облигацияны өтеу кезінде оны ұстаушыға төленуге тиіс сома көрсетіледі. Сома шығарылым валютасында көрсетіледі;

10) 12 және 13-бағандарда мәміленің жасалғанын растайтын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, халықаралық банкаралық ақпарат беру және төлемдер жасау жүйесі СВИФТ (SWIFT) бойынша алынған растау) көрсетілген бағасы көрсетіледі. 13-бағанда: борыштық бағалы қағаздар бойынша номиналды құнына пайыздық қатынасындағы таза бағасы, үлестік бағалы қағаздар бойынша – абсолюттік мәнінде көрсетіледі;

11) 14-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күні көрсетіледі;

12) 15-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу күні көрсетіледі;

13) 16-бағанда агенттерге, консультанттарға, брокерлерге және (немесе) дилерлерге төленген сыйақы мен комиссиялық ақыны, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша банктік қызметтерді қоса алғанда, сатып алуға тікелей байланысты шығысты қоскандағы және сатып алушы сатушыға төлеген пайыздың (ондай бар болса) шамасына кемітілген бағалы қағаздың сатып алу құны көрсетіледі;

14) 17-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

15) 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

16) 21-бағанда шығарылым проспектісінде белгіленген мерзімде төленуге тиіс бағалы қағаздар бойынша дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

17) 22-бағанда шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде төленбеген бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек көрсетіледі;

18) 23-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген дебиторлық және мерзімі өткен берешек бойынша резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

19) 24-бағанда бағалы қағаздың "әділ құны бойынша бағаланатын", " амортизацияланған құны бойынша бағаланатын" санаты көрсетіледі;

20) 25 және 26-бағандарды толтырған кезде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының (бұдан әрі – № 385 қаулы) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған жағдайда 25 және 26-бағандарда " рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 25-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі рейтингі көрсетіледі;

21) 27 және 28-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 27 және 28-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 27-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі қор биржасы тізімінің санаты көрсетіледі;

22) 29-бағанда Нысанды ұсыну күніндегі борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

7. 2-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 5-бағанда "кері репо" (репо) операциялары бойынша сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағаздың типін көрсете отырып, түрі көрсетіледі;

3) 6-бағанда ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе бағалы қағаздың басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;

4) 7-бағанда "кері репо" (репо) операциялары бойынша сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағаздың саны көрсетіледі;

5) 8 және 9-бағандарда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

6) 10 және 11-бағандарда "кері репо" (репо) операциясының жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта көрсетілген баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағазға шетел валютасында ақы төлеген жағдайда, бір мезгілде ұлттық валюта – теңгедегі баламасын 10 және 12-бағандарда көрсете отырып, 11 және 13-бағандар толтырылады, сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағазға ұлттық валюта – теңгеде ақы төленген жағдайда 10 және 12-бағандар толтырылады;

7) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген құн көрсетіледі.

8. 3-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 4 және 5-бағандарды толтырған кезде № 385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген банктің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған жағдайда 4 және 5-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі.

Осы бағандар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар бойынша толтырылмайды;

3) 6-бағанда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

4) 9-бағанда банктік салым шарты бойынша салым мерзімі, салым мерзімі ұзартылған кезде ұзарту мерзімін ескере отырып көрсетіледі;

5) 10 және 11-бағандарда жинақталған сыйақыны төлеу күні мен кезеңділігі банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі;

6) 14 және 15-бағандарда зейнетақы активтерін банктегі салымға орналастыру сомасы көрсетіледі. Зейнетақы активтерін салымға шетел валютасында орналастырған жағдайда бір мезгілде ұлттық валюта – теңгедегі баламасын 14-бағанда көрсете отырып, 15-баған толтырылады, зейнетақы активтерін ұлттық валюта – теңгемен орналастырылған жағдайда 14-баған толтырылады;

7) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген салымдардың құны көрсетіледі ;

8) 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

9) 21-бағанда салымдар бойынша дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

10) 22-бағанда салымдар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек көрсетіледі;

11) 23-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген дебиторлық және мерзімі өткен берешек бойынша резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

12) 3-кесте әрбір банк және салымның әрбір валютасы бойынша жеке-жеке салымдар сомасын көрсете отырып, толтырылады.

9. 4-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 5-бағанда төлем валютасының коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

3) 6 және 8-бағандарда сатып алу бағасы мен сатып алу құны мәміле жасалған күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі, 11-бағанда сома есепті күнге қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі. Ұлттық валюта – теңгеде аффинирленген бағалы металды сатып алған жағдайда 6, 8 және 10-бағандар толтырылады;

4) 10-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген сома көрсетіледі.

10. 5-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 4-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валюта, пайыздық мөлшерлеме, тауар және басқа да базалық активтер) көрсетіледі;

3) 5-бағанда мәміле валютасының коды көрсетіледі. Валюта коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

4) 6-бағанда ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе бағалы қағаздың басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі, 6-баған туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болып табылған жағдайда толтырылады;

5) 7-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысының талаптарына сәйкес туынды құралдармен операция жүргізу кезінде қалыптастырылатын шартты талаптар мен міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

6) 8-бағанда туынды қаржы құралының нарықтық құны (алмастыру құны) көрсетіледі, ол:

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша – туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты талаптар) номиналды келісімшарттық құнынан асып түсу шамасын, туынды қаржы құралының номиналды келісімшарттық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты міндеттемелер) ағымдағы нарықтық құнынан асып түсу шамасын;

сатуға арналған мәмілелер бойынша – туынды қаржы құралының номиналды келісімшарттық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты талаптар) ағымдағы нарықтық құнынан асып түсу шамасын, туынды қаржы құралының ағымды нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты міндеттемелер) номиналды келісімшарттық құнынан асып түсу шамасын білдіреді.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 28 тамыздағы

№ 167 қаулысына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-ENPF_A-VNESH

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20___жылғы "__" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері

_____ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері

№	Зейнетақы активтерін сыртқы басқарушының атауы	Сенімгерлікпен басқару шартының нөмірі және күні	Зейнетақы активтерін басқарудың болжанған кезеңі	Басқарудағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құны (теңгемен)	Ескертпе
Қаржы құралдарымен мәміле бойынша есеп айырысулар шетел валютасымен жасалған кезде 13, 14, 15, 16-бағандар толтырылады. Мәміле шетел валютасымен орындалған жағдайда, осы сома мәміле бойынша есеп айырысу күні қалыптасқан валютаның нарықтық айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі, бұл ретте 14-баған бағасы номиналды құннан пайызбен көрсетілген қаржы құралдары бойынша толтырылмайды. Мәміле ұлттық валютамен орындалған жағдайда, 14 және 16-бағандар толтырылады. Мәміле көлемі мәмілені орындауға байланысты шығыстар шегеріле отырып, үтірден кейінгі екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

14. 19-бағанда мәліметтер мынадай:

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркелген бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле жасау (операция жасау) кезінде " ұйымдастырылмаған";

Халықаралық (шетелдік) қор биржасының сауда жүйесінде мәміле жасау (операцияны тіркеу) кезінде "халықаралық/қор биржасының атауы";

Халықаралық (шетелдік) қор биржасының сауда жүйесінен тыс халықаралық нарықта мәміле жасау (операцияны тіркеу) кезінде "халықаралық/биржадан тыс";

Астана халықаралық биржасы (Astana International Exchange) (бұдан әрі – AIX) сауда жүйесінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында мәміле жасау (операцияны тіркеу) кезінде "АХҚО/ AIX".

AIX сауда жүйесінен тыс "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында мәміле жасау (операцияны тіркеу) кезінде "АХҚО/ биржадан тыс" форматында көрсетіледі.

15. 20-баған ұйым Қазақстан Республикасының басқа брокеріне не шетелдік брокерге не AIX аккредиттеген брокерге (мүшеге) қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға (операцияларды тіркеуге) бұйрықтар және (немесе) тапсырмалар берген жағдайда толтырылады.

16. 22 және 26-бағандарда жасалған мәміле (тіркелген операция) тараптарының тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) немесе атауы көрсетіледі.

Репоны ашу/жабу операцияларын жүргізген жағдайда, бағалы қағаздарды сатып алушы сатып алушы ретінде қатысады, бұл ретте 33-бағанда "репо операциясы" түрі туралы белгі қойылады.

17. 25 және 29-бағандарда:

ұйым "қатаң міндеттемелер" тәсілін қоса алғанда андеррайтер ретінде қатысқан жағдайда "A" белгісі;

ұйым брокер ретінде қатысқан жағдайда "B" белгісі;

ұйым дилер ретінде қатысқан жағдайда "D" белгісі;

ұйым маркет-мейкер ретінде қатысқан жағдайда "M" белгісі;

ұйым номиналды ұстаушы ретінде қатысқан жағдайда "ND" белгісі қолданылады.

Ұйым мәміле (операция) тараптарының бірі ретінде бір мезгілде брокер (дилер) және андеррайтер, не брокер (дилер) және маркет-мейкер ретінде қатысқан жағдайда, 25 және (немесе) 29-бағандарда тиісінше "A" немесе "M" белгісі ғана көрсетіледі. 22, 23, 24, 26, 27, 28-бағандарда, егер ұйым өз мүддесі үшін және өз есебінен әрекет етсе ұйымның деректемелері, не егер ұйым тапсырма бойынша, клиенттің есебінен және мүддесі үшін әрекет етсе клиенттің деректемелері, сондай-ақ мәміле (операция) бойынша контрагенттің (контрәріптестің) деректемелері көрсетіледі. Контрагент туралы ақпарат болмаған кезде, бұл мәліметтер толтырылмайды

18. 30, 31 және 32-бағандар халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасалған (операциялар жүргізілген) кезде толтырылады.

19. 6, 21, 23 және 27-бағандарда заңды тұлға бойынша оның тіркелген елі және (немесе) аумағы, жеке тұлға бойынша – азаматтығы толтырылады.

20. Нысанда бағалы қағаздарды конвертациялауға байланысты операцияларды көрсеткен кезде 4, 5, 6, 7, 8, 11, 26, 27, 28 және 33-бағандар толтырылады.

Конвертациялау операциясы туралы мәліметтер конвертациялау нәтижесінде алынған бағалы қағаздарға қатысты беріледі.

4-бағанда конвертациялау нәтижесінде бағалы қағаздарды алу күні көрсетіледі.

33-бағанда "конвертациялау" операциясының түрі көрсетіледі.

21. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
39-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
20-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_SVED_BD

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20___жылғы _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Ұйым туралы мәліметтер

№	Көрсеткіштің атауы	Мәліметтер
1	Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға қатысушы қызметкерлер (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), атқаратын лауазымы, жұмысқа қабылданған күні) туралы мәліметтер	
2	Атқарушы орган сайлаған, есепті күні ұйымның меншікті активтеріне қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдайтын инвестициялық комитеттің құрамы (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), атқаратын лауазымы, инвестициялық комитеттің	

	құрамына сайлау туралы шешімнің күні мен нөмірі, қызметкер қай күннен бастап инвестициялық комитеттің құрамына енгізілді)	
3	Басқарма құрамы (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), атқаратын лауазымы, басқарма құрамына сайлау туралы шешімнің күні мен нөмірі, басқарма құрамына қосу күні) туралы мәліметтер	
4	Директорлар кеңесінің құрамы (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), атқаратын лауазымы, директорлар кеңесінің құрамына сайлау туралы шешімнің күні мен нөмірі, директорлар кеңесінің құрамына қосу күні) туралы мәліметтер	
	Ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлесі он және одан да көп пайызын) он және одан да көп пайызын иеленетін тұлғалар туралы мәліметтер: 1) резиденттер: заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер, бизнес-сәйкестендіру нөмірі; заңды тұлғаға тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі (пайызбен); жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса); туған күні; жеке тұлғаға тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі (пайызбен); 2) бейрезиденттер: заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы, заңды тұлғаның пошталық мекенжайы және (немесе) тіркелген және орналасқан жері (егер заңды тұлға оффшорлық	

5	аймақтың аумағында тіркелген болса, онда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20095 болып тіркелген "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мақсаттары үшін офшорлық аймақтардың тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 8 қаулысына сәйкес осы оффшорлық аймақ көрсетіледі) заңды тұлғаға тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі (пайызбен); жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), азаматтығы, заңды мекенжайы және (немесе) тұрғылықты жері, жеке тұлғаға тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі (пайызбен)	
6	Есепті күнге брокерлік қызмет көрсету шеңберінде клиенттермен жасалған қолданыстағы шарттардың саны туралы мәліметтер: номиналды ұстау қызметтерін көрсетуді көздемейтін брокерлік қызмет көрсету туралы шарттар саны; номиналды ұстау қызметтерін көрсетуді көздейтін брокерлік қызмет көрсету туралы шарттар саны	

7	Ұйым есепті күні қолданыста болатын бағалы қағаздар нарығында оған кәсіби қызмет бойынша қызмет көрсетуге шарттар жасаған бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың атауы : шарт (қосымша келісім) жасалған күн; ұйым жасалған шарт шеңберінде ұсынатын қызметтердің (қызметтің) түрі	

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым туралы мәліметтер нысанына қосымша

"Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым туралы мәліметтер" (индексі – 1-RCB_SVED_BD, кезеңділігі: тоқсан сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым туралы мәліметтер" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы

қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды брокер және (немесе) дилер тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2, 3, 4 және 5-жолдарды бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк және Ұлттық пошта операторы толтырмайды.

6. 6-жолды бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры толтырмайды.

7. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
40-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
21-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_PFI_2

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20___жылғы _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп

(теңгемен)

		Қаржы құралдарын брокерге						

№	Мәмілені жасау күні мен уақыты	және (немесе) дилерге есепке қою күні	Мәміле бойынша есеп айырысу күні	Туынды қаржы құралының түрі	Сәйкестендіру нөмірі	Нарық	Базалық актив және оның рейтингі	Орталық контрагент
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы:

Контрагент және оның рейтингі	Мәміле шарттарының сипаттамасы					Хеджирлеу объектісі
	Мәміле түрі	Қаржы құралдарының саны	Мәміле бағасы	Мәміле көлемі	Мәміле валютасының коды	
10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы:

Мәміледе кім ретінде қатысты	Клиенттік тапсырысты ң нөмірі, тіркелген күні және уақыты	Клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе атауы және оның резиденттік елі	Мәмілені жасаған күнгі вариациялық маржа, теңгемен	Мәмілені жасаған күнгі бастапқы маржа, пайызбен	Сауда-саттық режимі	Мәміле бойынша міндеттеме жай-күйі	Ескертпе
17	18	19	20	21	22	23	24

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Туынды қаржы құралдарымен
мәмілелер туралы
есеп нысанына
қосымша

"Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп" (индексі: 1- RCB_PFI_2, кезеңділігі: тоқсан сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды брокер және (немесе) дилер тоқсан сайын жасайды. Нысан бойынша деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2, 3 және 4 бағандарды толтыру кезінде мәміле жасалған күн, ішкі есептілік жүйесіндегі брокерде және (немесе) дилерде қаржы құралдарының есепке алыну күні, сондай-ақ мәміле бойынша есеп айырысу күні "жылы.күні. айы." форматында көрсетіледі. Мәміле жасалған уақыт "сағат/минут/секунд" форматында көрсетіледі (ұйымдасқан нарықта жасалған мәміле үшін).

6. 3-бағанда бухгалтерлік есептегі бастапқы тану күні көрсетіледі.

7. 5-бағанда туынды қаржы құралының түрі көрсетіледі (опцион, фьючерс, форвард, своп және басқа туынды қаржы құралдары).

8. 6-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болып табылған жағдайда толтырылады.

9. 7-бағанда сауда жүйесінде мәміле жасалған қор биржасының атауы және резиденттігі бар елдің "биржаның/елдің атауы" форматындағы не мәміленің қор биржасында емес "ұйымдаспаған нарық" форматында жасалғандығы көрсетіледі.

10. 8-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валюта, пайыздық ставка, тауар және өзге де базалық активтер) және "базалық актив/рейтинг (рейтинг агенттігі)" форматында рейтинг агенттігі (бар болса) берген базалық актив рейтингі көрсетіледі. Базалық активте рейтинг болмаған жағдайда, онда базалық актив және "базалық актив/ рейтинг жоқ" форматында рейтинг жоқ екендігі көрсетіледі.

11. 9-бағанда, орталық контрагенттің қатысуымен мәміле қор биржасында жасалған жағдайда "иә" деген сөз көрсетіледі. Мәміле қор биржасында орталық контрагенттің қатысуынсыз жасалған жағдайда "жоқ" деген сөз көрсетіледі.

12. 10-бағанда мәміле қор биржасында жасалмаған жағдайда контрагент, оның резиденттік елі, сондай-ақ осы контрагентке "контрагент/ел/рейтингі (рейтинг агенттігі)" форматында берілген рейтинг көрсетіледі. Контрагентте

рейтинг болмаған жағдайда "контрагент/ел/рейтингі жоқ" деген форматтағы ақпарат көрсетіледі.

13. 16-бағанды толтыру кезінде, егер мәміле хеджирлеу мақсатында жасалған болса, "иә" деген сөз көрсетіледі және хеджирлеу объектісінің деректемелері (бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші, саны, құны, көлемі, валютасы) "иә/ хеджирлеу объектісінің деректемелері" форматында көрсетіледі. Егер мәміле хеджирлеу мақсаты үшін жасалмаса, "жоқ" деген сөз көрсетіледі.

14. 17-бағанда бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде қатысқан жағдайда, "B" символы көрсетіледі, егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым дилер ретінде қатысқан жағдайда, "D" символы көрсетіледі.

15. 18-бағанды толтыру кезінде бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйыммен дилерлік қызмет аясында мәміле жасаған жағдайда, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен мәміле жасаған жағдайда (зейнетақы активтері есебінен) немесе бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар инвестициялық портфельді басқарушымен мәміле жасаған жағдайда инвестициялық комитеттің мәміле жасалғандығы туралы қабылдаған инвестициялық шешімінің нөмірі және күні көрсетіледі.

16. 19-бағанда бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде қатысқан жағдайда, ақпарат "Клиенттің/елдің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) не атауы" форматында көрсетіледі және мәміле олардың есебінен және мүддесі үшін жасалған брокер клиентінің атауы және оның резиденттік елі көрсетіледі:

Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы активтері есебінен мәмілелер жасау кезінде осы бағанды толтырмайды.

17. 20-бағанда қор биржасы есептейтін сауда-саттыққа қатысушының міндеттемелерінің өзгеруі кезіндегі ақша белгісін және мерзімді келісім-шарттың баға белгілеуінің өзгеруін ескеретін - вариациялық маржа көрсетіледі.

18. 21-бағанда қор биржасы анықтайтын базалық активтің сомалық нарықтық құнының үлесін клиент әрбір ашық позиция үшін енгізетін бастапқы маржа көрсетіледі.

19. 22-бағанда сауда-саттық режимі T+0 немесе T+n к форматында көрсетіледі, не қор биржасының қағидаларымен көзделген сауда-саттықтың басқа режимі сипатталады.

20. 23-бағанда мәміле бойынша мынадай жай-күйлердің бірі көрсетіледі:

1) міндеттемелер мәмілелерді мәміле талаптарының бұзылуы немесе тараптардың бірінің дәрменсіздігіне байланысты оқиғалардың тууы салдарынан мерзімінен бұрын тоқтатуды қоспағанда, тиісінше тоқтатылған немесе мерзімінен бұрын тоқтатылған;

2) міндеттемелерді орындау мерзімі кейінге қалдырылған;

3) көзделген негіздемелер бойынша міндеттемелерді орындау уақытша тоқтатылған;

4) міндеттемелер тараптың мәміле талаптарын бұзуына байланысты немесе тараптардың бірінің дәрменсіздігіне байланысты оқиғалардан соң тоқтатылған;

5) көзделген жағдайлардың немесе оқиғалардың туындауы нәтижесінде мәмілені орындау мерзімін ұзарту.

21. 24-бағанда мәмілені жасау орны көрсетіледі.

22. Нысанға депозитарлық қолхаттармен жасалған мәмілелер енгізілмейді.

23. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
41-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
22-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Брокердің шоттарындағы ақша қалдықтары туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_CASH_BD

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Брокердің шоттарындағы ақша қалдықтары

(теңгемен)

Күні	Меншікті ақша қалдығы	Клиенттер шоттарындағы ақша қалдығы
1	2	3

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Брокердің шоттарындағы
ақша қалдықтары туралы
есеп нысанына
қосымша

"Брокердің шоттарындағы ақша қалдықтары туралы есеп" (индексі: 1-RCB_CASH_BD, кезеңділігі: тоқсан сайын) әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Брокердің шоттарындағы ақша қалдықтары туралы есеп " әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды брокер және (немесе) дилер тоқсан сайын жасайды. Нысан бойынша деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есепті күнге белгілеген ресми бағамы бойынша теңгеде толтырылады.

6. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер 2-бағанды толтырмайды.

7. 3-бағанды толтыру кезінде клиенттің тапсыруы, оның есебінен және оның мүддесі бойынша эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасау үшін ашылған клиенттердің банктік шоттарындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
42-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
23-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_SERV_BD

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі

№	Қызмет түрі	Эмитенттің (клиенттің) атауы	Шарт жасау күні	Қызмет көрсету басталған күн	Шартты тоқтату күні	Қаржы құралының сәйкестендіру нөмірі	Қаржы құралының атауы	Шартқа сәйкес бағалы қағаздарды орналастырудың тәсілі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Итого									

Атауы _____

Мекенжайы _____
__
Телефоны _____
Электрондық пошта мекенжайы _____
Орындаушы _____ _____
___
тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам
_____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы
Күні 20__ жылғы "____" _____

Брокердің және (немесе)
дилердің қызмет көрсетуі
туралы есеп нысанына
қосымша

"Брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп" (индексі: 1-RCB_SERV_BD, кезеңділігі: тоқсан сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды брокер және (немесе) дилер тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанды брокер және (немесе) дилер қызмет көрсету аясында толтырады. Есепте есепті кезеңінде брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы, сондай-ақ есепті кезеңде қолданыста болған және (немесе) қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы ақпарат көзделеді.

6. 2-бағанда көрсетілетін қызметтердің түрлері: эмиссиялық, маркет-мейкерлік бағалы қағаздарды шығару және (немесе) орналастыру, бағалы

қағаздар нарығындағы қызметпен байланысты мәселелері бойынша консультациялық, аналитикалық және (немесе) ақпараттық қызметі, облигацияларды ұстаушылар өкілінің, исламдық бағалы қағаздарды ұстаушылар өкілінің қызметі көрсетіледі.

7. 3-бағанда қаржы құралы эмитентінің атауы не қызмет көрсетілетін клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) немесе атауы көрсетіледі.

8. 4, 5 және 6-бағандар "жылы.күні.айы." форматында толтырылады.

9. Брокер және (немесе) дилер бағалы қағаздар мәселесі бойынша эмитентке қызмет көрсеткен жағдайда 7-баған осы бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге дейін толтырылмайды;

10. 9-баған брокер және (немесе) дилер бағалы қағаздарды орналастыру мәселесі бойынша эмитентке қызмет көрсеткен жағдайда толтырылады.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
43-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
24-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_NOM_DER

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: брокерлер және (немесе) дилерлер, бірыңғай оператор, кастодиандар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар

				Есепті кезең соңындағы жағдай бойынша брокер және (немесе) дилер, бірыңғай оператор, кастодиан клиенттерінің шотындағы бағалы қағаздардың саны (дана) және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны		
					Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының

№	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі	Эмитенттің атауы	Номиналдық ұстаушының атауы	Барлығы		ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (зейнетақы активтері)		инвестициялық қорларының (инвестициялық қорлардың активтері)	
				бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жиынтығы									

кестенің жалғасы:

Есепті кезең соңындағы жағдай бойынша брокер және (немесе) дилер, бірыңғай оператор, кастодиан клиенттерінің шотындағы бағалы қағаздардың саны (дана) және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны									
Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің (меншік иелерінің)		Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (меншік иелерінің)		Қазақстан Республикасының брокерлері дилерлерінің (екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын меншік иелері)		Қазақстан Республикасының қаржы нарығының басқа да лицензиаттарының (меншік иелерінің)		Қазақстан Республикасының резиденттері - номиналдық ұстаушыларының	
бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

кестенің жалғасы:

Есепті кезең соңындағы жағдай бойынша брокер және (немесе) дилер, бірыңғай оператор, кастодиан клиенттерінің шотындағы бағалы қағаздардың саны (дана) және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны									
Қазақстан Республикасының бейрезиденттері - номиналдық ұстаушылардың		Қазақстан Республикасының резиденттері - басқа да заңды тұлғалардың		Қазақстан Республикасының бейрезиденттері - басқа да заңды тұлғалардың		Қазақстан Республикасының резиденттері - жеке тұлғалардың		Қазақстан Республикасының бейрезиденттері - жеке тұлғалардың	
бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздарды ұстаушылардың
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

Атауы _____

Мекенжайы _____

—

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Номиналды ұстаудағы
бағалы қағаздар туралы
есеп нысанына
қосымша

"Номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп" (индексі: 1-RCB_NOM_DER, кезеңділігі: тоқсан сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды брокер және (немесе) дилер, бірыңғай оператор, кастодиан тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан номиналды ұстаушы ретінде брокер және (немесе) дилер, бірыңғай оператор, кастодиан ретіндегі клиенттер шоттарын жүргізу құқығы бар брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі аясында толтырылады.

6. 4-бағанда номиналдық ұстаушының (депозитарийдің, кастодианның немесе кастодиан номиналдық ұстауды жүзеге асыратын басқа ұйымның) атауы көрсетіледі.

7. 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27 және 29-бағандарда заңды тұлғаның қызметі мен резиденттігіне және (немесе) жеке тұлғаның резиденттігіне

байланысты брокер және (немесе) дилер, бірыңғай оператор, кастодиан клиенттерінің шоттарында есептелінетін бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

8. 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28 және 30-бағандарда заңды тұлғаның қызметі мен резиденттігіне және (немесе) жеке тұлғаның резиденттігіне байланысты бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны көрсетіледі.

9. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
44-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
25-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_NOM_DER_IN

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: брокерлер және (немесе) дилерлер, бірыңғай оператор, кастодиандар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар

№	Сәйкестендіру нөмірі	Эмитенттің атауы	Шетелдік номиналды ұстаушының атауы	Номиналды ұстаушының атауы	Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың	Есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша номиналды ұстаушы болып табылатын брокердің клиенттерінің шоттарында бар, шет

					меншік иесінің атауы	мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың саны (дана)
1	2	3	4	5	6	7
Жиынтығы	x	x	x	x	x	

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп нысанына қосымша

"Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп" (индексі: 1-RCB_NOM_DER_IN, кезеңділігі: тоқсан сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды брокер және (немесе) дилер, бірыңғай оператор, кастодиан тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 4-бағанда Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің 5-бағанда көрсетілген ұйымдарға бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметін көрсететін шетелдік номиналды ұстаушының атауы көрсетіледі.

6. 5-бағанда Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттері бағалы қағаздарды номиналды ұстау бойынша қызметтерді брокерге және (немесе) дилерге (кастодиан банк, орталық депозитарий және басқа да есептік ұйымдар) көрсететін ұйымның атауы көрсетіледі.

Кастодиан Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің бағалы қағаздарын номиналды ұстау бойынша қызмет көрсететін номиналды ұстаушы болып табылатын брокердің атауын көрсетеді.

7. 6-бағанда бағалы қағаздардың түпкілікті меншік иесі-номиналды ұстаушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің, бірыңғай оператордың, кастодианның клиенті (жеке тұлға үшін – тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), заңды тұлға үшін – атауы) көрсетіледі.

8. 7-бағанда бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналдық құны бойынша көрсетіледі.

9. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
45-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
26-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Инвестициялық портфельді басқаруды және (немесе) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: K1_BD-UIP

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар, брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Инвестициялық портфельді басқаруды және (немесе) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы мәліметтер

(мың теңгемен)

№	Көрсеткіштің атауы	Баланс бойынша сомасы	Ескерілетін көлем (пайызбен)	Есеп айырысу сомасы
1	2	3	4	5
1	Ақша және салымдар - барлығы , оның ішінде:			
1.1	инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – Ұйымның) балансы бойынша активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын сомада кассадағы ақша		100	
1.2	осы кестенің 1.9 және 1.10-жолдарында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша		100	
1.3	осы кестенің 1.11-жолында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі		90	

	банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша			
1.4	орталық депозитарийдегі шоттардағы ақша		100	
1.5	клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарна, маржа салымдары, ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Ұйымның ақшасы		100	
1.6	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша " BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша		100	
	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "			

1.7	BBB" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы шоттардағы ақша		100	
1.8	Бағалы қағаздарға қызмет көрсету мәселелері бойынша халықаралық қауымдастықтың мүшесі болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы шоттардағы ақша (International Securities Services Association)		100	
1.9	Осы банктер қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының " премиум" санатына енгізілген эмитенттер немесе акциялары қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде болатын эмитенттер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының		100	

	екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар			
1.10	Мына талаптардың біреуіне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар; Қазақстан Республикасының резидент еншілес банктері, олардың бас банктері шетел валютасында Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас		100	

	деңгейдегі рейтингі бар, Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылады.			
1.11	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі, немесе Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-ден "kzBB-"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		90	
1.12	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "AA-" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық Даму Банкіндегі Қазақстан Республикасының		100	

	ұлттық валютасындағы салымдар			
1.13	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша " BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктердегі салымдар		100	
2	Борыштық бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде			
2.1	Басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа шығарылғандарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		100	
2.2	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар		100	
	акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының			

2.3	Ұлттық Банкіне тиесілі, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар		100	
2.4	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі, "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		100	
2.5	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық		90	

	сауда-саттыққа жіберілген, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары			
2.6	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" не "Балама" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген және "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының және (немесе) "Қазақстанның Даму Банкі", акционерлік қоғамының кепілдігі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар оның сомасы осы мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың номиналды құнының кемінде 50 (елу) пайызын жабады		95	

2.7	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген, қор биржасының ресми тізімінің "Баламалы" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		60	
	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, (эмитентте) Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес			

2.8	рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар немесе Стандард энд Пурс (Standard & Poor’s) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша " kzA-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары		100	
2.9	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, (эмитентте) Стандард энд Пурс (Standard & Poor’s) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша " B+"-тен "B-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар немесе Стандард энд Пурс (Standard & Poor’s) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша " kzBBB+"-тен "kzBB -"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің		85	

	бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары			
2.10	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "АА-" төмен емес халықаралық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында номинирленген бағалы қағаздар		100	
2.11	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "ВВВ-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары		100	
	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's)			

2.12	агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары		90	
2.13	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары		80	
2.14	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		100	
	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB-"-ке			

2.15	дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		85	
2.16	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		70	
3	Акциялар және депозитарлық қолхаттар - барлығы, оның ішінде:			
3.1	негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар		100	
	қор биржасының ресми тізіміне "Негізгі" алаңының "акциялар" секторы "премиум" санатының			

3.2	талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген заңды тұлғалардың акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар		100	
3.3	қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "стандарт" санатына енгізілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары, немесе қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін, ашық сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары, және осы кестенің 3.4-жолында көрсетілген осы акциялар базалық активі болып табылатын акциялар мен депозитарлық қолхаттарды қоспағанда базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар		80	
	қор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "акциялар" секторына			

3.4	енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының акциялары, немесе жария сауда-саттыққа жіберілген, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының "Өңірлік акциялар нарығының сегменті" ресми тізімінің кіші бөліміне енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының акциялары, және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар		60	
3.5	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар		100	

3.6	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар		80	
3.7	Стандард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар		60	
4	Өзге бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:			
	қор биржасының ресми тізіміне			

4.1	енгізілген инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары		70	
4.2	активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе олардың пайлар бойынша баға белгілеулері негізгі қор индексіне байланысты болатын Эксчейндж Трэйдэд Фандс (Exchange Traded Funds) пайлары		90	
4.3	Морнинстар (Morningstar) рейтингтік агенттігінің "3 жұлдыз" төмен емес рейтингтік бағасы бар, Эксчейндж Трэйдэд Фандс (Exchange Traded Funds), Эксчейндж Трэйдэд Коммодитис (Exchange Traded Commodities), Эксчейндж Трэйдэд Ноутс (Exchange Traded Notes) пайлары		80	
4.4	орталық контрагенттің қатысуымен жасалған "кері репо " операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар		100	
	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған, "Даму"			

4.5	кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының және (немесе) " Қазақстанның Даму Банкі", акционерлік қоғамының кепілдігі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар есебінен активі қалыптастырылған инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары, оның сомасы осы мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың номиналды құнының кемінде 50 (елу) пайызын жабады		95		
5	Өзге активтер - барлығы, оның ішінде:				
5.1	аффинирленген бағалы металдар және металл шоттар		100		
5.2	бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру шеңберінде есептелген, бірақ төленбеген комиссиялық сыйақы бойынша (шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген) дебиторлық берешек (Ұйымның үлестес тұлғаларының дебиторлық берешегін қоспағанда) – Ұйымның балансы бойынша активтер		100		

	сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын сомада			
5.3	бағалы қағаздар эмитенттеріне бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде қарастырылған бағалы қағаздардың айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындайтын бағалы қағаздардың номиналды құнын төлеуге қойылатын талаптар (бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің шарттары бойынша мерзімі өтпеген)		100	
5.4	Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтын сомада жылжымайтын мүлік түріндегі Ұйымның негізгі құрал-жабдықтары		100	
6	Өтімді активтердің (ӨА) жиынтығы			
6.1	Өтімділігі жоғары активтердің (ӨЖА) жиынтығы			
7	Баланс бойынша міндеттемелер, оның ішінде			
7.1	7 күнге дейін			
7.2	30 күнге дейін			
7.3	90 күнге дейін			
7.4	Маржалық қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер			
8	Меншікті капиталдың ең төмен мөлшері (МКТМ)	X	X	

8.1	Активтерді сенімгерлік басқарумен байланысты операциялық тәуекел ИПБ От	X	X	
8.2	Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен байланысты операциялық тәуекел БД От	X	X	
9	Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті (К)	X	X	
10	Өтімділік коэффициенті (Өк)	X	X	X
10.1	Мерзімді өтімділік коэффициенті К2-1	X	X	
10.2	Мерзімді өтімділік коэффициенті К2-2	X	X	
10.3	Мерзімді өтімділік коэффициенті К2-3	X	X	
10.4	Мерзімді өтімділік коэффициенті К2-4	X	X	

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Инвестициялық портфельді
басқаруды және (немесе) бағалы
қағаздар нарығында брокерлік
және (немесе) дилерлік қызметті
жүзеге асыратын ұйымдардың
пруденциялық нормативтерді
орындауы туралы
есеп нысанына
қосымша

"Инвестициялық портфельді басқаруды және (немесе) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп" (индексі: К1_BD-UIP, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Инвестициялық портфельді басқаруды және (немесе) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды есепті кезеңнің соңында инвестициялық портельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанды Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17008 болып тіркелген "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің түрлерін белгілеу, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауы міндетті пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу қағидаларын және әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 79 қаулысына сәйкес инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17005 болып тіркелген "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің түрлерін белгілеу, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауы міндетті

пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу қағидаларын және әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 80 қаулысына сәйкес бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар толтырады
.

6. Нысанды толтыру мақсаттары үшін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес Мудис Инвесторс Сервис (Moody's Investors Service) және Фитч (Fitch) агенттіктерінің бағалары басқа рейтингтік агенттіктердің рейтингтік бағалары деп танылады.

7. Қаржы құралы Нысанда белгіленген екі немесе одан да көп өлшемшартқа сәйкес келген кезде қаржы құралының санатын Ұйым дербес анықтайды.

8. 5.4-жолда көрсетілген Ұйымның жылжымайтын мүлік түріндегі негізгі құрал-жабдықтары пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде баланстық құны мен нарықтық құнының ең аз шамасының 100 (бір жүз) пайызы көлемінде ескеріледі.

Пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде ескерілетін негізгі құрал-жабдықтардың нарықтық құнын анықтау үшін Ұйым олардың құнын жылына бір реттен сиретпей бағалаушы арқылы бағалайды.

9. 3-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы деректер толтырылады.

10. 5-бағанда 3 және 4-бағандарда көрсетілген деректердің көбейтіндісі ретінде есептелген, есепті кезеңнің соңғы күнтізбелік күнінің соңында есептелетін сома толтырылады.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
46-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
27-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Инвестициялау лимиттерін сақтау туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-LIMITS-NPF

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

1-кесте. Эмитенттің бір шығарылымының борыштық бағалы қағаздарына

№	Эмитенттің атауы	Сәйкестендіру нөмірі	Осы шығарылымның орналастырылған борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны (дана)	Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған осы шығарылымның бағалы қағаздарының саны (дана)	Зейнетақы активтері есебінен осы шығарылымның орналастырылған борыштық бағалы қағаздарының жалпы санының пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6

2-кесте. Қазақстан Республикасының резиденті-эмитенттің дауыс беретін акцияларына

№	Қазақстан Республикасының резиденті-эмитенттің атауы	Сәйкестендіру нөмірі	Осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы саны (дана)	Эмитенттің дауыс беретін, оның ішінде зейнетақы активтері есебінен сатып алынған депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын	Эмитенттің дауыс беретін, оның ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алынған депозитарлық қолхаттардың базалық	Зейнетақы активтері есебінен осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алынған дауыс беретін акцияларының жалпы

				акцияларының саны (дана)	активі болып табылатын акцияларының саны (дана)	санының пайызбен жиынтығы	санының пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6	7	8

3-кесте. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына

№	Қаржы құралын шығарған (ұсынған) эмитенттің атауы	2-бағанда көрсетілген эмитенттің үлестес тұлғасының атауы	Эмитент және оның үлестес тұлғалары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестициялардың ағымдағы құны (мың теңгемен)	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны (мың теңгемен)	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құнының пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6

4-кесте. Шетел валютасында номинирленген қаржы құралдарына

№	Қаржы құралын шығарған (ұсынған) эмитенттің атауы	Қаржы құралының түрі	Номинал валютасының коды	Қаржы құралдарына инвестициялардың ағымдағы құны (мың теңгемен)	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құны (мың теңгемен)	Зейнетақы активтерінің ағымдағы құнының пайызбен жиынтығы
1	2	3	4	5	6	7

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Инвестициялау лимиттерін
сақтау туралы
есеп нысанына
қосымша

"Инвестициялау лимиттерін сақтау туралы есеп" (индексі: 1-LIMITS-NPF, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Инвестициялау лимиттерін сақтау туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сенімгерлік басқарушы ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Қаржы құралдарына инвестициялардың және зейнетақы активтерінің ағымдағы құны, сондай-ақ пайызбен мәндер үтірден кейін екі таңбамен көрсетіледі.

6. 1-кесте бойынша:

1) 4-баған Блумберг (Bloomberg) не РЕЙТЕР (REUTERS) ақпараттық-талдамалық жүйелерінен және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушының интернет-ресурсынан алынған деректер негізінде толтырылады;

2) 6-баған 5-бағанның 4-бағанға қатынасы ретінде есептеледі.

7. 2-кесте бойынша:

1) 4-баған сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми сайтының және (немесе) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсының деректері негізінде толтырылады;

2) 6-бағанда эмитенттің дауыс беретін, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және инвестициялық портфельді басқарушылардың сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алынған депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып

табылатын акцияларының саны көрсетіледі. 6-баған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің интернет-ресурсында жариялаған зейнетақы активтері есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы соңғы мәліметтер негізінде толтырылады;

3) 7-баған 5-бағанның 4-бағанға қатынасы ретінде есептеледі;

4) 8-баған 6-бағанның 4-бағанға қатынасы ретінде есептеледі.

8. 3-кесте бойынша:

1) 3-баған дауыс беретін акцияларының 50 (елу) пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі тұлғаларға қатысты толтырылмайды ;

2) 4-баған, егер оның дауыс беретін акцияларының 50 (елу) пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі болған жағдайда, үлестес тұлғаның қаржы құралдарына салынатын инвестицияларды есепке алмай толтырылады;

3) 6-баған 4-бағанның 5-бағанға қатынасы ретінде есептеледі.

9. 4-кесте бойынша:

1) 4-кестені толтыру кезінде осы зейнетақы активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодианның банк шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтар да қосылады;

2) 3-бағанда бағалы қағаздар бойынша бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;

3) 7-баған 5-бағанның 6-бағанға қатынасы ретінде есептеледі.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
47-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
27-1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1- RCB_YE

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны

(теңгемен)

Есептеу күні	Басқа инвестициялық портфельді басқарушыдан және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен сенімгерлік басқаруға алынған зейнетақы активтерінің есептеу кезеңіндегі аударымдары	Басқа инвестициялық портфельді басқарушыға және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға есептеу кезеңі үшіні аударымдар	"Таза" зейнетақы активтерінің есептеу күніне ағымдағы құны
1	2	3	4

кестенің жалғасы:

Есептеу күніндегі шартты бірліктер саны	Есептеу күніндегі бір шартты зейнетақы активінің құны	Есептеу кезеңіндегі зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы	Есептеу кезеңіндегі инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы	Есепті кезеңге есептелген зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс
5	6	7	8	9

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Сенімгерлік басқарудағы

зейнетақы активтерінің
бір шартты бірлігінің
құны туралы
есеп нысанына
қосымша

"Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп" (индексі: 1-RCB_YE, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сенімгерлік басқарушы ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 5-бағанда зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің саны үтірден кейін нақты үш таңбаға дейін көрсетіледі.

6. 6-бағанда зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны үтірден кейін нақты жеті таңбаға дейін көрсетіледі.

7. 7, 8 және 9 бағандар анықтама үшін толтырылады.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
48-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
27-2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_DNPF_YE

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны

Күні	Зейнетақы жарналары	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударымдар	Зейнетақы жарналарының уақтылы аударылмағаны үшін және зейнетақы активтерінің уақтылы инвестицияланбағаны үшін алынған өсімпұл	Төлемдер мен аударымдар	Зейнетақы жарналарын және (немесе) зейнетақы жарналарының уақтылы аударылмағаны үшін алынған өсімпұлды қайтару бойынша міндеттемелер
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Бөлінбеген пайда (өтелмеген шығын)	"Таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны	Шартты бірліктер саны	Зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны	Зейнетақы активтерінің комиссиялық сыйақысы	Инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақы	Зейнетақы активтері бойынша бір күнде есептелген инвестициялық кіріс
7	8	9	10	11	12	13

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп нысанына қосымша

"Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп" (индексі: 1-RCB_DNPF_YE, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда күні "жылы.күні.айы." форматында көрсетіледі.

6. 7-бағанда бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігі құнының есебіне енгізілуге тиіс аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы және айдың соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы бөлінбеген пайданың (өтелмеген шығынның) сомасы көрсетіледі.

7. 9-бағанда шартты бірліктердің саны үтірден кейін үш таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

8. 10-бағанда зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны үтірден кейін жеті таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

9. 11, 12, 13-бағандар анықтама үшін толтырылады.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
49-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
27-3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігінің коэффициенттері туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-RCB_K2

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы)

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігінің коэффициенттері

№	Көрсеткіштің атауы	Көрсеткіштің мәні
1	2	3
1	Есепті кезеңдегі зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны	
2	12 (он екі) ай бұрынғы ұқсас кезеңдегі зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны	
3	K2 номиналды кірістілік коэффициенті (12 (он екі) айға)	
4	24 (жиырма төрт) ай бұрынғы ұқсас кезеңдегі зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны	
5	K2 номиналды кірістілік коэффициенті (24 (жиырма төрт) айға)	

6	36 (отыз алты) ай бұрынғы ұқсас кезеңдегі бір шартты бірліктің орташа құны	
7	К2 номиналды кірістілік коэффициенті (36 (отыз алты) айға)	

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Зейнетақы активтерінің
номиналдық кірістілігінің
коэффициенттері туралы
есеп нысанына
қосымша

"Зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігінің коэффициенттері туралы есеп" (индексі: 1-RCB_K2, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігінің коэффициенттері туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сенімгерлік басқарушы ай сайын толтырады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3, 5 және 7-жолдарда номиналдық кірістілік коэффициенті үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

6. 1, 2, 4 және 6-жолдара зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны үтірден кейін жеті таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

7. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
50-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
28-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_BLOK

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалар

Күні	Клиенттің атауы	Активтердің түрі	Қаржы құралының түрі	Эммитенттің атауы	Бағалы қағаздың коды	Сәйкестендіру нөмірі	Нарық
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Мәміле жасау туралы бұғатталған (орындалмаған) тапсырма түрі	Мәміле жасау туралы бұғатталған (орындалмаған) тапсырманың көлемі	Бас тартуға негіз
9	10	11

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Клиенттердің бұғатталған
(орындалмаған) тапсырмалары
туралы есеп нысанына
қосымша

"Клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп" (индексі: 1-CUST_BLOK, кезеңділігі: тоқсан сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды кастодиан тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда кастодианның клиенттері болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушының, брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның атауы көрсетіледі.

6. 3-бағанда кастодианның кастодиандық қызмет көрсетуіндегі ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының меншікті немесе зейнетақы активтері не инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттерінің активтері көрсетіледі.

7. 8-бағанда нарық атауы "қор биржасы", "ұйымдастырылмаған нарық", " халықаралық нарық" форматында көрсетіледі. Егер мәміле қор биржасының сауда жүйесінде жүзеге асырылған болса, оның резиденттік елі "қор биржасының /елінің атауы" форматында көрсетіледі.

8. 9-бағанда мәмілені жасау (сатып алу, сату, репоны ашу және жабу операциялары, банктік салым шартын және басқа мәмілелерді жасау) туралы бұғатталған (орындалмаған) тапсырманың түрі көрсетіледі. Репо операциялары бойынша репо операциясының түрі де көрсетіледі: репо немесе "кері репо".

9. 11-бағанда кастодианның мәміле жасау туралы тапсырманы бұғаттау (орындамау) негіздемесі көрсетіледі.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
51-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
29-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_CLIENT

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Кастодиан клиенттерінің саны

№	Клиенттің атауы	Резиденттік белгісі	Клиенттердің саны		
			Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау бойынша уәкілетті органның лицензиясына		

			сәйкес жүзеге асырылатын қызмет түрін көрсете отырып қаржы нарығының лицензиаттарының	Басқа заңды тұлғалардың	Басқа жеке тұлғалардың
1	2	3	4	5	6
Жиынтығы	X	X			

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Кастодиан клиенттерінің саны
туралы есеп нысанына
қосымша

"Кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп" (индексі: 1-CUST_CLIENT, кезеңділігі: тоқсан сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды кастодиан тоқсан сайын толтырады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда кастодианның клиенттері болып табылатын жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

6. 3-бағанда кастодиан клиентінің резиденттік белгісі (резидент немесе бейрезидент) көрсетіледі.

7. 4, 5 және 6-бағандарда тиісті баған бойынша "1" деген цифр көрсетіледі және "Жиынтығы" деген жолда жинақталады.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
52-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
30-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_PA_KZT

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтау мен есептеуді жүзеге асыратын кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы

_____

(шоттың нөмірі)

_____

_____

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

(теңгемен)

Күні	Күн басындағы қалдығы	Түсімдер					
		Басқа зейнетақы қорларынан аударымдар		Ерікті зейнетақы жарналары		Бағалы қағаздар бойынша алынған дивидендтер мен сыйақы	Бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер
		Барлығы	оның ішінде, жеке зейнетақы шоттарына бөлінгендер	Барлығы	оның ішінде, жеке зейнетақы шоттарына бөлінгендер		
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Түсімдер							
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар бойынша қайтару сомасы		Зейнетақы төлемдерінің шотынан қайтарулар	Алынған өсімпұлдар/ айыппұлдар	Шетел валютасын сатудан түскен түсімдер	Қате есептелген сомалар	Басқа да түсімдер	Түсімдердің барлығы
Салым сомасы	Салымдар бойынша алынған сыйақы (мүдде) сомасы						
9	10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы:

Шығынға жазулар									Күннің соңындағы қалдық ((2)+(16)-(25))
Бағалы қағаздарды сатып алу шығыстары	Банктерге салымды орналастыру	Зейнетақы төлемдері шотына аударымдар	Комиссиялық сыйақы		Қате есептелген сомаларды қайтару	Шетел валютасын сатып алу шығыстары	Басқа да шығыстар	Барлық шығынға жазу	
			зейнетақы активтерінен	Инвестициялық кірістен					
17	18	19	20	21	22	23	24	25	26

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ұлттық валютадағы
инвестициялық
шот бойынша зейнетақы
активтерінің қозғалысы
туралы есеп нысанына
қосымша

"Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп" (индексі: 1-CUST_PA_KZT, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан ай сайын жасайды және есепті кезеңнің әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда күні "жылы.күні. айы." форматында көрсетіледі.

6. Көрсетілуге жатпайтын сомалар түсіндірмелер енгізіле отырып 15 және 24-бағандарға енгізіледі.

7. 3 және 4-бағандарда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударымдардың сомасы көрсетіледі.

8. 15-бағанды толтыру кезінде есептің нысанына алынған басқа да түсім көздерінің тізбесі қоса беріледі.

9. 16-бағанда есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күніндегі түсімдердің жиынтық сомалары көрсетіледі.

10. 20 және 21-бағандарда ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына төленген комиссиялық сыйақы сомалары көрсетіледі.

11. 24-бағанды толтыру кезінде есептің нысанына зейнетақы активтерінің құнына қосылған басқа да шығыстар туралы мәліметтер қоса беріледі.

12. 25-бағанда есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күніндегі шығыстардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

13. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
53-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
31-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_PA_FC

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтау мен есептеуді жүзеге асыратын кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы

_____

(шоттың нөмірі)

_____

(шетел валютасының атауы)

_____

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

(теңгемен)

күні	Түсімдер									
	Күн басындағы қалдығы		Бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер		Бағалы қағаздар бойынша алынған дивидендтер және сыйақы (мүдде)		Банктердегі салымдар бойынша қайтару сомасы			
							Салымдар сомасы		Банктердегі салымдар бойынша алынған сыйақы (мүдде) сомасы	
	шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы:

Түсімдер					
Сатып алынған шетел валютасы		Басқа да түсімдер		Түсімдердің барлығы	
шетел валютасымен	теңгемен, шетел валютасын сатып алу бағамы бойынша	шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен
12	13	14	15	16	17

кестенің жалғасы:

Шығынға жазулар										Күннің соңындағы қалдық	
бағалы қағаздарды сатып алу шығыстары		банктердегі салымға орналастыру		сатылған шетел валютасы		басқа да шығыстар		барлық шығынға жазулар			
шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен, шетел валютасын сату бағамы бойынша	шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен
18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Шетел валютасындағы
инвестициялық шот бойынша
зейнетақы активтерінің
қозғалысы туралы
есеп нысанына
қосымша

"Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп" (индексі: 1- CUST_PA_FC, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан ай сайын жасайды және есепті кезеңнің әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша ақша бар болған және қозғалысы кезінде есепті кезеңдегі барлық позициялар бойынша жиынтық соманды көрсете отырып, өткен айдың әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырылып, ұсынылады.

6. 1-баған "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

7. Көрсетілмейтін сома түсіндірмелер енгізіле отырып, 14, 15, 24 және 25-бағандарға қосылады.

8. Бірнеше шетел валюталары бар болған және қозғалысы кезінде Нысан әрбір шетел валютасы бойынша жеке ұсынылады.

9. 14 және 15-бағандарды толтыру кезінде алынған басқа да түсім көздерінің тізбесі қоса беріледі.

10. 16 және 17-бағандар бойынша есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күніндегі түсімдердің жиынтық сомасы толтырылады.

11. 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде зейнетақы активтерінің құнына қосылған басқа да шығыстар туралы мәліметтер тізбесі қоса беріледі.

12. 26 және 27-бағандар бойынша есепті кезеңнің әрбір жеке жұмыс күніндегі шығыстардың жиынтық сомасы толтырылады.

13. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
54-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
32-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_SPPA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

1-кесте. Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар

_____

_____

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

№	Эмитенттің атауы	Экономикалық қызмет түрі	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздар саны (дана)
1	2	3	4	5	6	7
1.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары					
1.1.		х				
…		х				
2.	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары					
2.1.	Екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары					
2.1.1.						
…						
2.2.	Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары					
2.2.1.						
…						
3.	Шетелдік мемлекеттердің бағалы қағаздары					
3.1.		х				
…		х				
4.	Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттеріні					

	ң мемлекеттік емес бағалы қағаздары					
4.1.		x				
…		x				
5.	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары					
5.1.		x				
…		x				
6.	Инвестициялық қорлардың пайлары					
6.1.						
…						
	Жиынтығы:					

кестенің жалғасы:

Номиналды құны		Төлем валютасының коды	Бір бағалы қағазды сатып алу бағасы		Кезең	
валюта коды	бір бағалы қағаздың құны		теңгемен	номиналды құнның валютасымен	есепке қою күні	өтеу күні
8	9	10	11	12	13	14

кестенің жалғасы:

Бағалы қағазды сатып алу құны	Бағалы қағаздардың ағымдағы құны			Бағалы қағаздар санаты	Портфельдегі ағымдағы купондық мөлшерлеме (жылдық пайызбен)
	барлығы (теңгемен)	номиналды құнның валютасымен	оның ішінде есептелген сыйақы, теңгемен		
15	16	17	18	19	20

2-кесте. "Кері репо" операциялары бойынша сатып алынған бағалы қағаздар

_____

_____

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

№	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздар саны (дана)	Номиналды құн валютасының коды	Мәміле валютасының коды	Бір бағалы қағаз үшін ашу бағасы	
								теңгемен	номиналды құнның валютасымен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

	Жиынтығы:								

кестенің жалғасы:

Бір бағалы қағаз үшін жабу бағасы		Кезең		Бағалы қағаздардың ағымдағы құны (теңгемен)	Операция бойынша кірістілік мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)
теңгемен	номиналды құнның валютасымен	Операцияны ашу күні	Операцияны жабу күні		
11	12	13	14	15	16

3-кесте. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

_____

_____

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

№	Банктің атауы	Салым валютасының коды	Банктік салым шартын жасау күні және нөмірі		Салым мерзімі (күнмен)	Сыйақы төлеу кезеңі		Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)	
			күні	нөмірі		кезеңділігі	күні	номиналды	тиімді
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Жиынтығы								

кестенің жалғасы:

Салым бойынша негізгі борыш сомасы (теңгемен)		Ағымдағы құны (теңгемен)		
барлығы	шетел валютасымен	барлығы	оның ішінде есептелген сыйақы	
			теңгемен	шетел валютасымен
11	12	13	14	15

4-кесте. Аффинирленген бағалы металдар

_____

_____

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

(теңгемен)

№	Аффинирленген бағалы металдың атауы	Трой унцияларының саны	Төлем валютасының коды	Бір трой унциясына сатып алу бағасы		Жиынтық сатып алу құны		Ағымдағы құны	
				теңгемен	валютамен	теңгемен	валютамен	теңгемен	валютамен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Жиынтығы:								

5-кесте. Шартты талаптар (міндеттемелер)

_____

_____

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

(теңгемен)

№	Туынды қаржы құралы түрінің атауы	Базалық актив	Валюта коды	Сәйкестендіру нөмірі	Туынды құралмен операцияны жүзеге асыру күніне қойылатын талаптардың (міндеттемелердің) сомасы	Есепті күнге ағымдағы құны
1	2	3	4	5	6	7
1.	Туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар					
1.1						
1.1.1						
…						
2.	Туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер					
2.1						
2.1.1						
…						

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Зейнетақы активтерінің
инвестициялық портфелінің
құрылымы туралы
есеп нысанына
қосымша

"Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" (индексі: 1- CUST_SPPA, кезенділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1.Осы түсіндірмеде "Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан ай сайын жасайды және есепті кезеңнің әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-кесте бойынша:

1) Нысанда бағалы қағаздар және эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары бойынша деректер көрсетіледі;

2) 2-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;

3) 3-бағанда экономикалық қызмет түрі "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы" ҚР ҰС 03 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетілді. Бұл баған Қазақстан Республикасы резидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша толтырылады;

4) 5-бағанда типі көрсетіле отырып, бағалы қағаз түрі көрсетіледі;

5) 6-бағанда бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші, эмитенттің айналыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу міндеттемелерін орындамаған міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарына қатысты - талап ету құқықтарының сәйкестендіргіші көрсетіледі;

6) 7-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;

7) 8 және 10-бағандарда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

8) 9-бағанда купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептелетін облигациялар бойынша оны шығару кезінде айқындалатын облигацияның ақшалай көрсеткіші, сондай-ақ оны өтеу кезінде облигацияны ұстаушыға төленуі тиіс сома көрсетіледі. Сома шығарылым валютасында көрсетіледі;

9) 11 және 12-бағандарда мәміленің жасалғандығы расталатын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің (дилердің) есебі, СВИФТ (SWIFT) халықаралық банкаралық ақпарат беру және төлемдер жасау жүйесі бойынша алынған растау) жазылған баға көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазға шетел валютасымен төлем жасалған жағдайда баламасы ұлттық валюта – теңгемен 12-бағанда бір мезгілде көрсетіле отырып, 11-баған толтырылады, сатып алынған бағалы қағазға ұлттық валюта – теңгемен төлеген жағдайда 11-баған толтырылады;

10) 13-бағанда бухгалтерлік есептегі бастапқы тану күні "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі;

11) 14-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі;

12) 15-бағанда бағалы қағазды сатып алу құны, сатып алуға тікелей байланысты шығыстарды қоса алғанда, агенттерге, консультанттарға, брокерлерге және (немесе) дилерлерге төленген сыйақыны және комиссияны, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ сатып алушының сатушыға төлеген, мөлшері азайтылған пайызын (мұндай болған кезде) аудару бойынша банк қызметі қоса көрсетіледі;

13) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

14) 19-бағанда "әділ құны бойынша бағаланатын", "амортизацияланған құны бойынша бағаланатын" бағалы қағаздардың санаты көрсетіледі;

15) 20-бағанда Нысан берілетін күнгі борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

6. 2-кесте бойынша:

1) 4-бағанда типі көрсетіле отырып, бағалы қағаз түрі көрсетіледі;

2) 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;

3) 7 және 8-бағандарда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

4) 9 және 10-бағандарда "кері репо" операциясының жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта көрсетілген баға үтірден кейін төрт таңбаға дейін көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазға шетел валютасымен төлем жасалған жағдайда баламасы ұлттық валюта – теңгемен 9 және 11-бағандарда бір мезгілде көрсетіле отырып, 10 және 12-бағандар толтырылады, сатып алынған бағалы қағазға ұлттық валюта – теңгемен төлеген жағдайда 9 және 11-бағандар толтырылады;

5) 15-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ағымдағы құн көрсетіледі.

7. 3-кесте бойынша:

1) 3-бағанда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

2) 6-бағанда банктік салым шарты бойынша салым мерзімі көрсетіледі, салым ұзартылғанда, мерзім ұзартуды ескере отырып көрсетіледі;

3) 7 және 8-бағандарда жинақталған сыйақыны төлеу мерзімділігі мен күні банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі;

4) 11 және 12-бағандарда зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және екінші деңгейдегі банктерде салымға орналастыру сомасы көрсетіледі. Зейнетақы активтерін ұлттық валютада салымға орналастырған жағдайда 11-баған толтырылады;

5) 3-кесте салымдар сомасын көрсете отырып, әр банк бойынша және салымның әрбір валютасы бойынша жеке толтырылады.

8. 4-кесте бойынша:

1) 4-бағанда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

2) 5 және 7-бағандарда баға және сатып алу құны мәміле жасалған күні қалыптасқан нарықтық валюта айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі, 10-бағанда сома есепті күні қалыптасқан нарықтық валюта айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі. Ұлттық валютада аффинирленген бағалы металдар сатып алынған жағдайда 5, 7 және 9-бағандар толтырылады;

3) 9-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ағымдағы құн көрсетіледі.

9. 5-кесте бойынша:

1) 3-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі көрсетіледі (бағалы қағаздардың және оның эмитентінің атауы, валюта, пайыздық мөлшерлеме, тауар және басқа да базалық активтер) көрсетіледі;

2) 4-бағанда мәміле валютасы көрсетіледі. Валюта коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

3) 5-баған туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болған кезде толтырылады;

4) 6-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысының талаптарына сәйкес туынды құралдармен операциялар жүргізген кезде қалыптасатын шартты талаптар мен міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

5) 7-бағанда туынды қаржы құралының нарықтық құны (ауыстыру құны) көрсетіледі, ол мынадай болады:

сатып алу мәмілелері бойынша – туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнынан асып түсу шамасы (шартты талаптар), туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнының осы туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан асып түсу шамасы (шартты міндеттемелер);

сату мәмілелері бойынша – туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнының осы туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан асып түсу шамасы (шартты талаптар), туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнынан асып түсу шамасы (шартты міндеттемелер).

10. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
55-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
33-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-CUST_REWARD

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы _____

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар

_____

_____

(ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе инвестициялық портфельді басқарушының атауы)

(теңгемен)

Күні	Есептелгені		Төленгені	
	зейнетақы активтерінен	инвестициялық кірістен	зейнетақы активтерінен	инвестициялық кірістен
1	2	3	4	5
Жиынтығы:				

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Есептелген және төленген
комиссиялық сыйақылар

туралы есеп нысанына
қосымша

"Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп" (индексі: 1-CUST_REWARD, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан ай сайын жасайды және есепті кезеңнің әрбір жекелеген жұмыс күні үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда есепті айдың жеке жұмыс күні "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

6. 2 және 3-бағандарда есептелген комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

7. 4 және 5-бағандарда төленген комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

8. "Жиынтығы" деген жолда есепті айдағы барлық позициялар бойынша жиынтық сома көрсетіледі.

9. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
56-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
34-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-KASE_PSS

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

Нысан

Кесте. Бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер

Өтінім нөмірі	Өтінім беру күні мен уақыты		Өтінім түрі	Өтінім бағыты	Нарық түрі
	күні	уақыты			
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздың коды	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Баға белгілеу валютасының коды	Бағасы	Таза бағасы	Борыштық бағалы қағаздар бойынша кірістілік
7	8	9	10	11	12

кестенің жалғасы:

Саны	Көлемі	Сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды	Депо шоты	Дербес сәйкестендіру нөмірі	Өтінім белгісі
13	14	15	16	17	18

кестенің жалғасы:

Клиент коды	Өтінім мәртебесі	Өтінімді алып тастау күні мен уақыты		Нарықтық баға	Орташа өлшемді баға	Сауда-саттық режимі
		күні	уақыты			
19	20	21	22	23	24	25

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп нысанына қосымша

"Бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" (индексі: 1-KASE_PSS, кезеңділігі: күн сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

5. 1-бағанда өтінімнің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2 және 20-бағандарда өтінімді беру күні мен алып тастау күні " жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

7. 3 және 21-бағандарда өтінімді беру уақыты мен алып тастау уақыты "сағат: минут: секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда өтінімнің түрі көрсетіледі: "limit" – лимиттелген өтінім, "market" – нарықтық өтінім, "nego" – тікелей өтінім.

9. 5-бағанда өтінімнің бағыты ретінде сатып алу немесе сату көрсетіледі.

10. 6-бағанда нарықтың түрі көрсетіледі: "Tbills" – мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы, "Equities" – акциялар нарығы, "Debts" – облигациялар нарығы.

11. 7-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген бағалы қағаздарға баға белгілеу тәртібіне сәйкес айқындаған бағалы қағаздың коды көрсетіледі.

12. 9-бағанда бағалы қағаздың баға белгілеу валютасы көрсетіледі.

13. 10 және 14-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен бір бағалы қағаздың бағасы және өтінімнің көлемі теңгемен көрсетіледі. Өтінімнің көлемі ретінде 10 ("Бағасы") және 13 ("Саны") бағандардың көбейтіндісі танылады. 10-бағанда сауда-саттыққа қатысушы бағалы қағазды сатып алуға (сатуға) дайын баға көрсетіледі.

14. 11 және 12-бағандарда сауда-саттыққа қатысушы борыштық бағалы қағазды сатып алуға (сатуға) дайын болған, сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен таза бағасы мен кірістілік пайызбен көрсетіледі. 11 және 12-бағандар борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады.

15. 13-бағанда өтінімдегі бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі.

16. 15-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелеріне код беру тәртібіне сәйкес айқындаған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды көрсетіледі.

17. 16-бағанда бағалы қағаздарды ұстаушының орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған жеке шоты (қосалқы шоты) көрсетіледі.

18. 17-бағанда мәмілелерді жасауға өтінім берген қор биржасы трейдерінің дербес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

19. 18-бағанда өтінімнің белгісі ретінде мынадай цифр көрсетіледі: егер өтінімді маркет-мейкер бермеген болса - "0", егер өтінімді сауда-саттыққа қатысушы бағалы қағаздардың баға белгілеулерін ұстап тұру жөніндегі маркет-мейкердің функцияларын орындау мақсатында берген болса - "1".

20. 19-бағанда клиенттің орталық депозитарий берген бірегей коды көрсетіледі.

21. 20-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген өтінімнің мәртебесі көрсетіледі.

22. 23-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес айқындаған мәміле жасалған күнгі бағалы қағаздың нарықтық бағасы көрсетіледі. Облигациялар үшін нарықтық баға номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. 23-бағандағы деректер үтірден кейін төрт таңбамен көрсетіледі.

23. 24-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген акциялардың орташа өлшемді нарықтық бағаларын және облигациялардың

өтеуге орташа өлшемді нарықтық кірістілігін есептеу тәртібіне сәйкес айқындаған акцияның орташа өлшемді нарықтық бағасы немесе мәміле жасалған күнгі өтелетін облигацияның орташа өлшемді нарықтық кірістілігі көрсетіледі.

24. 25-бағанда сауда жүйесінде көзделген сауда-саттық режимі көрсетіледі.

25. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
57-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
35-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Мәміле тараптарын көрсете отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-KASE_ST

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

Нысан

Кесте. Мәміле тараптарын көрсете отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттық нәтижелері

Мәміле нөмірі	Мәміле жасау күні мен уақыты		Нарық типі	Сауда-саттық әдісі	Нарық түрі
	күні	уақыты			
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздың коды	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Баға белгілеу валютасының коды	Бағасы	Таза бағасы	Борыштық бағалы қағаздар бойынша кірістілігі	Борыштық бағалы қағаздарды өтеу күні	Саны
7	8	9	10	11	12	13	14

кестенің жалғасы:

	Сатушы ретінде				Сатып алушы ретінде	

Көлемі	сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшесінің коды	Депо сату шоты	Сатушы клиентінің коды	Сатуға арналған өтінім нөмірі	сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшесінің коды	Депо сатып алу шоты
15	16	17	18	19	20	21

кестенің жалғасы:

Сатып алушы клиентінің коды	Сатып алуға арналған өтінім нөмірі	Мәміле мәртебесі	Есептесу күні	Нарықтық бағасы	Орташа өлшемді бағасы	Сауда-саттық режимі
22	23	24	25	26	27	28

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Мәміле тараптарын көрсете отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп нысанына қосымша

"Мәміле тараптарын көрсете отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" (индексі: 1- KASE_ST, кезеңділігі: күн сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Мәміле тараптарын көрсете отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда мәміленің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2-бағанда мәміленің жасалу күні "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

7. 3-бағанда мәміленің жасалу уақыты "сағат:минут:секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда нарықтың типі ретінде мынадай цифр көрсетіледі: егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі бағалы қағаздардың қайталама нарығында жасалған болса - "0", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі бағалы қағаздардың бастапқы нарығында жасалған болса - "1".

9. 5-бағанда сауда-саттық әдісі ретінде мынадай цифр көрсетіледі: егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі үздіксіз қарсы аукцион әдісімен жасалған болса - "0", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі тікелей (атаулы) мәмілелер жасау әдісімен жасалған болса - "1", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі фиксинг әдісімен жасалған болса - "2", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі франкфурттық сауда-саттық әдісімен жасалған болса - "3", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі мамандандырылған сауда-саттық әдісімен жасалған болса - "4", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі ағылшын сауда-саттық әдісімен жасалған болса - "5", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі голландтық сауда-саттық әдісімен жасалған болса - "6", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі жазылу әдісімен жасалған болса - "7", егер бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі дискреттік сауда-саттық әдісімен жасалған болса - "8", сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген өзге әдістер - "9".

10. 6-бағанда сауда жүйесінде көзделген нарық түрі көрсетіледі.

11. 7-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген бағалы қағаздарға баға белгілеу тәртібіне сәйкес айқындаған бағалы қағаздың коды көрсетіледі.

12. 9-бағанда бағалы қағаздың баға белгілеу валютасы көрсетіледі.

13. 10 және 15-бағандарда бір бағалы қағаздың бағасы мен мәміленің көлемі теңгемен көрсетіледі. Мәміленің көлемі ретінде 10 ("Бағасы") және 14 ("Саны") бағандардың көбейтіндісі танылады. 10-бағанда сауда-саттыққа қатысушының бағалы қағазбен мәміле жасаған бағасы көрсетіледі.

14. 11 және 12-бағандарда сауда-саттыққа қатысушы борыштық бағалы қағазбен мәміле жасаған, сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен таза бағасы мен кірістілігі пайызбен көрсетіледі. 11 және 12-бағандар борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады.

15. 14-бағанда бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі.

16. 16-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелеріне код беру тәртібіне сәйкес айқындаған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды көрсетіледі.

17. 17 және 20-бағандарда депо шоты (қосалқы шоты) ретінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шоты (қосалқы шоты) түсініледі.

18. 18 және 22-бағандарда орталық депозитарий берген клиенттердің бірегей кодтары көрсетіледі.

19. 24-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген мәміленің мәртебесі көрсетіледі.

20. 26-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықтаған мәміле жасалған күнгі бағалы қағаздың нарықтық бағасы көрсетіледі. Облигациялар үшін нарықтық баға номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. 26-бағандағы деректер үтірден кейін төрт таңбамен көрсетіледі.

21. 27-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген акциялардың орташа өлшемді нарықтық бағасы немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы акциялардың орташа өлшемді нарықтық бағасын және өтелетін облигациялардың орташа өлшемді нарықтық кірісін есептеу тәртібіне сәйкес айқындаған мәміле жасалған күнгі өтелетін облигацияның орташа өлшемді нарықтық кірістілігі көрсетіледі.

22. 28-бағанда сауда жүйесінде көзделген сауда-саттық режимі көрсетіледі.

23. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
58-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
36-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-KASE_ABR

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

Нысан

Кесте. Бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер

Өтінім нөмірі	Өтінімді беру күні мен уақыты		Өтінімнің бағыты	Репо түрі	Репо құралының коды	Бағалы қағаздың коды	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі
	күні	уақыты					
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Баға белгілеу валютасының коды	Баға	Кірістілік	Бағалы қағаздардың саны	Көлемі	Сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды	Депо шоты
9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Клиенттің коды	Дербес сәйкестендіру нөмірі	Өтінім мәртебесі	Өтінімді алып тастау күні мен уақыты		Репо мерзімі	Дисконт мөлшері	Сауда-саттық режимі
			күні	уақыты			
16	17	18	19	20	21	22	23

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Бағалы қағаздармен репо
операцияларына өтінімдер
туралы есеп нысанына
қосымша

"Бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер туралы есеп" (индексі: 1-KASE_ST, кезеңділігі: күн сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда өтінімнің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2 және 19-бағандарда өтінімді беру күні мен алып тастау күні " жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

7. 3 және 20-бағандарда өтінімді беру уақыты мен алып тастау уақыты "сағат: минут:секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда өтінімнің бағыты ретінде сатып алу немесе сату көрсетіледі.

9. 5-бағанда мәміленің әдісі көрсетіледі: "тікелей репо" немесе "автоматты репо".

10. 6-бағанда репо операциясы құралының коды ретінде сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген репо операциясының құралдарына код беру тәртібіне сәйкес айқындаған код көрсетіледі.

11. 7-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген бағалы қағаздарға баға белгілеу тәртібіне сәйкес айқындаған бағалы қағаздың коды көрсетіледі.

12. 9-бағанда бағалы қағаздың баға белгілеу валютасы көрсетіледі.

13. 10 және 13-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен бір бағалы қағаздың бағасы және өтінімнің көлемі теңгемен көрсетіледі. Өтінімнің көлемі ретінде 10 ("Бағасы") және 12 ("Саны") бағандардың көбейтіндісі танылады. Автоматты репо операциялары бойынша сатып алуға өтінім беру кезінде өтінімнің көлемі ретінде ақша көлемі танылады. 10-бағанда сауда-саттыққа қатысушы репо операциясын жасауға дайын баға көрсетіледі.

14. 11-бағанда сауда-саттыққа қатысушы репо операциясын жүргізуге дайын болатын, сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен кірістілік пайызбен көрсетіледі.

15. 12-бағанда "тікелей (автоматты) репо" операциясының бағалы қағаздарын сатушы қойған бағалы қағаздардың саны (данамен) көрсетіледі

16. 14-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелеріне код беру тәртібіне сәйкес айқындаған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды көрсетіледі.

17. 15-бағанда орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шоты (қосалқы шоты) көрсетіледі.

18. 16-бағанда орталық депозитарий берген клиенттің бірегей коды көрсетіледі.

19. 17-бағанда бағалы қағаздармен репо операциясын жасауға өтінім берген қор биржасы трейдерінің дербес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

20. 18-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген өтінімнің мәртебесі көрсетіледі.

21. 21-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған репо операциясының мерзімі көрсетіледі.

22. 21-бағанда репо операциясының мәні болып табылатын құралдың бағасына қолданылған дисконттау мөлшерлемесі көрсетіледі.

23. 23-бағанда сауда жүйесінде көзделген сауда-саттық режимі көрсетіледі.

24. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
59-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
37-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Қатысушыларды көрсете отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-KASE_ABRvP

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

Нысан

Кесте. Қатысушыларды көрсете отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есеп

Мәмілені ң нөмірі	Мәмілені жасау күні мен уақыты		Репо түрі	Операция түрі	Құрал коды	Бағалы қағаз коды	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Бағасы	Кірістілік
	күні	уақыты							
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы:

Саны	Көлемі	Сатушы болып отырған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды	Депо сату шоты	Сатушы клиентінің коды	Сатушы өтінімінің нөмірі	Сатып алушы болып отырған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды
11	12	13	14	15	16	17

кестенің жалғасы:

Депо сатып алу шоты	Сатып алушы клиентінің коды	Сатып алушы өтінімінің нөмірі	Мәміле мәртебесі	Репо мерзімі	Жабу күні	Дисконт мөлшері	Ашу мәмілесінің нөмірі	Сауда-саттық режимі
18	19	20	21	22	23	24	25	26

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы
Күні 20__ жылғы "____" _____

Қатысушыларды көрсете
отырып, бағалы қағаздармен
репо операциялары
туралы есеп нысанына
қосымша

"Қатысушыларды көрсете отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есеп" (индексі – 1-KASE_ABRvP, кезеңділігі: күн сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қатысушыларды көрсете отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда мәміленің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2-бағанда мәміле жасалған күн "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

7. 3-бағанда мәмілені жасау уақыты "сағат:минут:секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда мәміленің әдісі көрсетіледі: "тікелей репо" немесе "автоматты репо".

9. 5-бағанда репо операциясының типі ретінде ашылуы немесе жабылуы көрсетіледі.

10. 9 және 12-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен бір бағалы қағаздың

бағасы және мәміленің көлемі теңгемен көрсетіледі. Мәміленің көлемі ретінде 9 ("Бағасы") және 11 ("Саны") бағандардың көбейтіндісі танылады.

11. 10-бағанда сауда-саттыққа қатысушы репо операциясын жасаған, сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен кірістілік пайызбен көрсетіледі.

12. 11-бағанда репо операциясының сатушысы қоятын бағалы қағаздардың саны (данамен) көрсетіледі.

13. 13-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелерін код беру тәртібіне сәйкес айқындаған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды көрсетіледі.

14. 14 және 17-бағандарда депоның шоты (қосалқы шоты) ретінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шоты (қосалқы шоты) түсініледі.

15. 15 және 19-бағандарда орталық депозитарий берген клиенттердің бірегей кодтары көрсетіледі.

16. 16 және 20-бағандарда бағалы қағаздарды сатушы және сәйкесінше сатып алушы репо операцияларын жасауға берген өтінімдердің реттік нөмірлері көрсетіледі.

17. 21-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген мәміленің мәртебесі көрсетіледі.

18. 22-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған репо операциясының мерзімі көрсетіледі.

19. 23-бағанда репо операциясын жабу күні "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі. Бұл баған репоны ашу операциясы үшін ғана толтырылады.

20. 24-бағанда репо операциясының мәні болып табылатын қаржы құралының бағасына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі көрсетіледі.

21. 25-бағанда тиісті репо ашу мәмілесінің реттік нөмірі көрсетіледі. Бұл баған репоны жабу операциясы үшін ғана толтырылады.

22. 26-бағанда сауда жүйесінде көзделген сауда-саттық режимі көрсетіледі.

23. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
60-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
38-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-KASE_ABD

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

Нысан

Кесте. Туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер

Өтінімнің нөмірі	Өтінімді беру күні мен уақыты		Типі	Өтінімнің бағыты	Құралдың коды	Бір келісімшарттың бағасы	Валютаның атауы	Келісімшарттар саны
	күні	уақыты						
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы:

Бір келісімшарттағы базалық активтердің саны	Көлемі	Сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды	Сауда шотының коды	Есеп айырысу коды
10	11	12	13	14

кестенің жалғасы:

Дербес сәйкестендіру нөмірі	Өтінім белгісі	Өтінімді алып тастау күні және уақыты		Өтінімнің мәртебесі
		күні	уақыты	
15	16	17	18	19

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Туынды қаржы құралдарын
сатып алуға (сатуға)
өтінімдер туралы

есеп нысанына
қосымша

"Туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" (индексі – 1 -KASE_ABD, кезеңділігі: күн сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда өтінімнің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2 және 17-бағандарда өтінімді беру күні мен алып тастау күні " жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

7. 3 және 18-бағандарда өтінімді беру уақыты мен алып тастау уақыты "сағат: минут:секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда өтінімнің типі көрсетіледі: "limit" - лимиттелген өтінім, "nego" - тікелей өтінім.

9. 5-бағанда өтінімнің бағыты ретінде сатып алу немесе сату көрсетіледі.

10. 7 және 11-бағандарда бір келісімшарттың бағасы және өтінім көлемі теңгемен көрсетіледі. 11-бағанда өтінімнің көлемі 7 ("Бір келісімшарттың бағасы ") және 9 ("Келісімшарттардың саны") бағандардың көбейтіндісіне тең болады. 7-бағанда бір келісімшарттың бағасы ретінде сауда-саттыққа қатысушы туынды қаржы құралдарымен мәміле жасауға дайын болатын баға көрсетіледі.

11. 8-бағанда өтінім валютасының атауы көрсетіледі.

12. 9 және 10-бағандарда өтінім келісімшарттарының саны мен бір келісімшарттағы базалық активтердің саны данамен көрсетіледі.

13. 14-бағанда сауда-саттыққа қатысушыны ақшалай қаражатпен қамтамасыз ету жөніндегі ақпаратты және (немесе) тарабы сауда-саттыққа қатысушы болатын мәміле бойынша міндеттемелерді есепке алуға арналған клиринг тіркелімі көрсетіледі.

14. 15-бағанда туынды қаржы құралдарымен мәміле жасасуға өтінім берген қор биржасы трейдерінің дербес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

15. 16-бағанда өтінімнің белгісі ретінде мынадай цифр көрсетіледі: егер өтінімді маркет-мейкер бермеген болса - "0", егер өтінімді сауда-саттыққа қатысушы туынды бағалы қағаздар бойынша баға белгілеуді қолдау жөніндегі маркет-мейкердің функцияларын орындау мақсатында берген болса - "1".

16. 19-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген өтінімнің мәртебесі көрсетіледі.

17. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
61-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
39-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Мәміле тараптарын көрсете отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-KASE_DT

Кезеңділігі: күн сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

Нысан

Кесте. Мәміле тараптарын көрсете отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижелері

Мәміленің нөмірі	Мәмілені жасау күні мен уақыты		Құралдың коды	Сауда-саттық әдісі	Бір келісімшарттың бағасы	Валютаның атауы	Келісімшарттардың саны
	күні	уақыты					
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Бір келісімшарттағы базалық активтердің саны	Көлемі	Сатушы болып отырған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды	Сату шотының коды	Сатудың есеп айырысу коды	Сатуға арналған өтінімнің нөмірі
9	10	11	12	13	14

кестенің жалғасы:

Сатып алушы болып табылатын сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды	Сатып алудың сауда шотының коды	Сатып алудың есеп айырысу коды	Сатып алуға арналған өтінімнің нөмірі	Орындау күні
15	16	17	18	19

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Мәміле тараптарын көрсете
отырып, туынды қаржы
құралдарымен сауда-саттық
нәтижелері туралы
есеп нысанына
қосымша

"Мәміле тараптарын көрсете отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" (индексі – 1-KASE_DT, кезеңділігі: күн сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Мәміле тараптарын көрсете отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы

қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда мәміленің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2-бағанда мәміле жасалған күн "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

7. 3-бағанда мәмілені жасау уақыты "сағат:минут:секунд" форматында көрсетіледі.

8. 5-бағанда сауда-саттық әдісі ретінде цифр көрсетіледі: егер туынды қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілесі үздіксіз қарсы аукцион әдісімен жасалған болса - "0", егер туынды қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілесі тікелей (атаулы) мәмілелер жасау әдісімен жасалған болса - "1".

9. 6 және 10-бағандарда бір келісімшарттың бағасы мен мәміленің көлемі теңгемен көрсетіледі. 10-бағанда мәміленің көлемі ретінде 6 ("Бір келісімшарттың бағасы") және 8 ("Келісімшарттардың саны") бағандардың көбейтіндісі танылады. 6-бағанда бір келісімшарттың бағасы ретінде сауда-саттыққа қатысушы туынды қаржы құралдарымен мәміле жасаған баға көрсетіледі.

10. 7-бағанда мәміле валютасының атауы көрсетіледі.

11. 8 және 9-бағандарда мәміле келісімшарттарының саны мен бір келісімшарттағы базалық активтердің саны дана түрінде көрсетіледі.

12. 11 және 15-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелеріне код беру тәртібіне сәйкес айқындаған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды көрсетіледі.

13. 13-бағанда сауда-саттыққа қатысушыны ақшалай қаражатпен қамтамасыз ету жөніндегі ақпаратты және/немесе тарабы сауда-саттыққа қатысушы болып табылатын туынды қаржы құралын сату мәмілелері бойынша міндеттемелерді есепке алуға арналған клиринг тіркелімі көрсетіледі.

14. 17-бағанда сауда-саттыққа қатысушыны ақшалай қаражатпен қамтамасыз ету жөніндегі ақпаратты және (немесе) тарабы сауда-саттыққа қатысушы болып табылатын туынды қаржы құралын сатып алу мәмілелері бойынша міндеттемелерді есепке алуға арналған клиринг тіркелімі көрсетіледі.

15. 19-бағанда мәмілені есептеудің нақты күні "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

16. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
62-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
40-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Шетел валюталарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-KASE_FC

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

Нысан

Кесте. Шетел валюталарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп

Өтінімнің нөмірі	Өтінімді беру күні мен уақыты		Өтінімнің бағыты	Қаржы құралының коды	Бағасы	Саны	Көлемі
	күні	уақыты					
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды	Сауда шотының коды	Клиент коды	Өтінімнің түрі	Өтінімнің мәртебесі	Валюталық своптың кірістілігі	Сауда-саттық режимі
9	10	11	12	13	14	15

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Шетел валюталарын сатып алуға
(сатуға) өтінімдер туралы
есеп нысанына
қосымша

"Шетел валюталарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" (индексі – 1-KASE_FC, кезеңділігі: күн сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Шетел валюталарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда өтінімнің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2-бағанда өтінімді беру күні "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі

7. 3-бағанда өтінімді беру уақыты "сағат: минут: секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда өтінімнің бағыты ретінде сатып алу немесе сату көрсетіледі.

9. 5-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелеріне код беру тәртібіне сәйкес айқындаған қаржы құралының коды көрсетіледі.

10. 6 және 8-бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен бір қаржы құралының бағасы және өтінімнің көлемі теңгемен көрсетіледі. Валюталық своп операцияларын қоспағанда, өтінім көлемі ретінде 8 ("Баға") және 9 ("Саны") бағандардың көбейтіндісі танылады. 8-бағанда сауда-саттыққа қатысушының қаржы құралын сатып алуға (сатуға) дайын бағасы көрсетіледі.

11. 7-бағанда өтінімнің қаржы құралдарының саны дана түрінде көрсетіледі.

12. 9-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелеріне код беру тәртібіне сәйкес айқындаған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды көрсетіледі.

13. 11-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген шетел валюталарына код беру тәртібіне сәйкес айқындаған клиенттің коды көрсетіледі.

14. 12-бағанда өтінімнің түрі көрсетіледі: "limit" - лимиттелген өтінім, "market " - нарықтық өтінім, "nego" - тікелей өтінім.

15. 13-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген өтінімнің мәртебесі көрсетіледі.

16. 14-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған, қатысушы шетел валютасын сатып алуға (сатуға) дайын кірістілік баға белгілеу дәлдігімен көрсетіледі. 14-баған валюталық своп операциялары үшін толтырылады.

17. 15-бағанда сауда жүйесінде көзделген сауда-саттық режимі көрсетіледі.

18. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қаулыға
63-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 211 қаулысына
41-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Шетел валюталарымен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-KASE_RFC

Кезеңділігі: күн сайын

Есепті кезеңі: 20 __ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: келесі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын

Нысан

Кесте. Шетел валюталарымен сауда-саттық нәтижелері

Мәміленің нөмірі	Мәмілені жасау күні мен уақыты		Қаржы құралының коды	Бағасы	Кірістілігі	Саны	Көлемі
	күні	уақыты					
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Сатушы болып отырған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды	Сатудың сауда шотының коды	Клиент коды	Сатуға берілген өтінімнің нөмірі	Сатып алушы болып отырған сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшесінің коды	Сатып алудың сауда шотының коды	Клиент коды
9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Сатып алуға берілген өтінімнің нөмірі	Мәміленің мәртебесі	Орындалу күні	Мәміле белгісі	Сауда-саттық режимі
16	17	18	19	20

Атауы _____

Мекенжайы _____

__

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

___

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Шетел валюталарымен
сауда-саттық нәтижелері
туралы есеп нысанына
қосымша

"Шетел валюталарымен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" (индексі – 1-KASE_RFC, кезеңділігі: күн сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Шетел валюталарымен сауда-саттық нәтижелері туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды күн сайын сауда-саттықты ұйымдастырушы жасайды және әрбір есепті күн үшін толтырады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда мәміленің реттік нөмірі көрсетіледі.

6. 2 және 18-бағандарда мәміле жасалған күн және мәміле бойынша есеп нақты айырысу күні "жылы.күні.айы" форматында көрсетіледі.

7. 3-бағанда мәмілені жасау уақыты және мәміле бойынша нақты есеп айырысу уақыты "сағат:минут:секунд" форматында көрсетіледі.

8. 4-бағанда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарында көзделген шетел валюталарына код беру тәртібіне сәйкес айқындаған қаржы құралының коды көрсетіледі.

9. 5 және 8 бағандарда сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен бір қаржы құралының бағасы және мәміленің көлемі теңгемен көрсетіледі. Мәміленің көлемі ретінде 5 ("Бағасы") және 7-бағандардың ("Саны") көбейтіндісі танылады.

10. 6-бағанда сауда-саттыққа қатысушылар валюталық своп бойынша мәміле жасасқан, сауда-саттықты ұйымдастырушы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындаған баға белгілеу дәлдігімен кірістілік пайызбен көрсетіледі.

11. 7-бағанда дана қаржы құралдарының саны данамен көрсетіледі.

